



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
БАНКІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығы

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»,

Шығарылымға жауапты:

Ә.Д. Құрманғалиева

Құрылтайшысы – ҚР Ұлттық Банкі
Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық
ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
24.02.1997 ж. № 432 тіркелген
1995 жылдан бастап шығарылады



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

РЕДАКЦИЯДАН:

Құрметті оқырман!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздің назарыңызға 2023 жылға арналған «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы» журналын ұсынады.

Бұл басылымнан Сіздер Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен таныса аласыздар.





МАЗМҰНЫ

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 3 Қаулысы.....	6
«Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 4 Қаулысы.....	9
«Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 ақпандағы № 8 Қаулысы.....	11
«Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 13 Қаулысы.....	13
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер мен төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 16 Қаулысы.....	15
«Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 17 Қаулысы.....	15
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 23 Қаулысы.....	17
«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын кірісін есептеу үшін көрсеткіштер бойынша есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 26 Қаулысы.....	18
«Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 және «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 28 Қаулысы.....	19
«Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысының жекелеген нормаларының қолданысын тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 32 Қаулысы.....	23



«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 35 Қаулысы.....24

«Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 38 Қаулысы.....26

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 41 Қаулысы.....27

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 42 Қаулысы.....28

«Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 43 Қаулысы.....33

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 31 шілдедегі № 58 Қаулысы.....34

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына исламдық қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 21 тамыздағы № 63 Қаулысы.....37

«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 66 Қаулысы.....38

«Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 67 Қаулысы.....40

«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы монеталарының қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 114 және «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 71 Қаулысы.....41

«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4





сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 72 Қаулысы.....42

«Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 151, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 125 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 1223 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 73 Қаулысы.....52

«Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 Қаулысы.....53

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 79 Қаулысы.....59

«Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 және «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 84 Қаулысы.....60

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 87 Қаулысы.....62

«Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 88 Қаулысы.....63

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 89 Қаулысы.....67

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 95 Қаулысы.....68

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 97 Қаулысы.....71



- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 98 Қаулысы.....72
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 99 Қаулысы..... 74
- «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 100 Қаулысы..... 88
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 101 Қаулысы..... 89
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 105 Қаулысы..... 92
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 106 Қаулысы.....94
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 109 Қаулысы.....96





Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 27 қаңтарда № 31798 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 23 қаңтар № 3

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19701 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмелердің 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «6. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемелерінің 59, 60, 61, 62, 63, 64 және 65-тармақтарының талаптарына сәйкес толтырылады.»
 - 6-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 9-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - 1-тармақта:
 - 9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес «кері репо», репо операциялары туралы есептің нысаны;»;
 - 16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есептің нысаны;»;
 - 24) тармақша алып тасталсын;
 - 26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есептің нысаны;»;
 - 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта ай сайын осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.



3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- 1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 12), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 22) және 25) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 13) тармақшасында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 26) тармақшасында көзделген есептілікті:
 - 1-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 4) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 23), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 38), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
 - 6) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.»;
 - 1-қосымшада:
 - 8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8) «кері репо», репо операциялары туралы есеп;»;
 - 15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «15) сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есеп;»;
 - 23) тармақша алып тасталсын;
 - 25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «25) баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп;»;
 - 2-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмедегі 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 5 және 6-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктің рейтингі мен атауы көрсетіледі. Рейтингтік агенттік болмаған кезде 5 және 6-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі.»;
 - 3-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
 - 6-тармақта:
 - 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5) 10 және 12-бағандарда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;»;
 - 12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «12) 22, 23, 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (бұдан әрі – № 385 қаулы) сәйкес облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, рейтингтік агенттіктердің бірі берген мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 22, 23, 24 және 25-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.»;
 - 7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4) 8 және 9-бағандарда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;»;
 - 8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3) 6-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;»;





- 5-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
- 5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «4) 11 және 14-бағандарда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі»;
- 7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «4) 9-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі»;
- 8-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 8-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығарылым валютасы, акциялар бойынша сатып алу валютасы көрсетіледі.»;
- 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «12. 26 және 27-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі, оған қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген, «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда белгіленген. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 26 және 27-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.
- 13. 28, 29, 30 және 31-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 28, 29, 30 және 31-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.»;
- 9-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 14-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 15-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 16-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 18-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 19-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 21-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 22-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
- 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «7. 4-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 4-бағанда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі.
- 8. 11-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;
- 13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «13. 14-бағанның «Резиденттердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 15-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.
- 14. 14-бағанның «Бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы осы қаулының 16-қо-



сымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 16-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.

- 15. 14-бағандағы қайта сақтандыру ұйымына берілген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 14-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.»;
- 23-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 26-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 28-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 29-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 30-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 38-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмелердің 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
- «8. 3-бағандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 20-бағанында көрсетілген сақтандыру шарттарын бұзуға байланысты шығысты шегергенде, осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 4-бағанында көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына сәйкес келеді.»;
- 39-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 44-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
- 5. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 27 қаңтарда № 31797 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 23 қаңтар № 4

«Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында:





- 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. Банк белгілеген нысан бойынша банкке қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде ұсынылған клиенттің өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде клиент пен банк арасында банктік шот шарты және (немесе) банктік салым шарты (бұдан әрі – банктік қызмет көрсету шарты) жасалған кезде банктік шот ашылады.
 - Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу мақсаты үшін банктік қызмет көрсету шартын жасасқанға дейін ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган банкке ұсынған жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін және тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) қоса алғанда, ол туралы ақпарат негізінде банктің клиентке жеке сәйкестендіру кодын беруіне рұқсат етіледі. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган жеке тұлғаның келісімімен жеке тұлға туралы ақпаратты ұсынады және ол клиенттің электрондық нысанда жіберілген банктік шотты ашу туралы өтінішіне теңестіріледі. Бұл ретте осы Қағидалардың талаптарына сәйкес банктік қызмет көрсету шарты жасалғаннан кейін ғана осы банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға рұқсат етіледі.
 - Тұрғын үй төлемдерін есепке алуға және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Тұрғын үй қатынастары туралы заң) 101-5-бабына сәйкес мақсатта төлемдерді жүзеге асыруға арналған банктік шот банк, клиент – тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын қызметкер және қызметкері тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын мемлекеттік мекеме арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 1727 қағидалар) 10-қосымшаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 49 қағидалар) сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 872 қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 872 қағидалар) 8-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 524 қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес тұрғын үй төлемдері туралы шарт жасалған кезде ашылады.
 - Клиент пен банк арасында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10610 болып тіркелген «Білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 63 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес білім беру жинақтау салымы туралы шарт жасалған кезде «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) 7-бабына сәйкес білім беру жинақтау салымына арналған банктік шот ашылады.»
 - 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «13. Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, клиент электрондық түрдегі өтінішті банкке электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе серпінді сәйкестендіруді пайдалана отырып ұсынады.»
 - 27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «27. Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаларына мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді есепке алу үшін олардың талабы бойынша ағымдағы шот ашылған кезде клиент банкке мыналарды:
 - 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
 - 2) ағымдағы шоттың белгіленуін қамтитын өтінішті ұсынады.
 - Осы тармақтың талаптары Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайға қолданылмайды.»
- 2.** Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.



3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 9 наурызда № 32033 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 ақпан № 8

«Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18214 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 59-1) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**.»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 59-1) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу тәртібін және сатып алынған шетел валютасын пайдалану мақсаттарын, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.»;
 - 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:





- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 57-1) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ!»;
- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларында:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 57-1) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында валюталық операциялардың мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.
- 2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңда көрсетілген мәндерде қолданылады.
- Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:
- 1) бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және (немесе) эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;
- 2) есептік нөмірлердің тізілімі – соның негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциясы жүргізілетін валюталық шарттарға (бұдан әрі – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар) және шетелдік банктердегі шоттарға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) беретін қолданыстағы нөмірлерінің, сондай-ақ тіркеу куәліктерінің, хабарлау туралы куәліктердің қолданыстағы нөмірлерінің тізбесі;
- 3) инвестициялау объектісі – акциялары, қатысу үлесі, пайлары сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлкіне мүлкілік жарналар салынатын (салынған) заңды тұлға, жай серіктестік, консорциум. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаз эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;
- 4) инвестор – инвестициялау объектісіне меншік құқығы өтетін (өткен) заңды немесе жеке тұлға;
- 5) қызметкерлер үшін бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарына арналған опцион бағдарламасы – резидент-заңды тұлғаның қызметкері осы заңды тұлғаның инвесторлары және (немесе) осы заңды тұлғаның инвесторларының инвесторлары болып табылатын бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарының келісілген санын сатып алатын бағдарлама;
- 6) меншікті операциялар – валюталық шарттың тарабы болып табылатын резиденттің өз атынан жүзеге асыратын операциясы;
- 7) резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;
- 8) тіркеу куәлігі – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк валюталық шартты тіркеу кезінде берген және күшін жоймаған құжат;
- 9) хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа берген және күшін жоймаған құжат.»;
- 32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «32. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 8 (сегізінші) күніне (қоса алғанда) дейін Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бейрезиденттерден есепті кезеңдегі қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есепті ұсынады.
- Валюталық операцияларды жүргізу жағдайларын нақтылау мақсатында банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы Ұлттық Банктің орталық аппаратының сұратуы бойынша қаржылай қарыз шартының көшірмесін ұсынады.»;
- 36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «36. Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан резидент-заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартына немесе шетелдік банктегі шотына есептік нөмір беру үшін резидент- заңды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соның негізінде



және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциясы жүргізілетін валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір беруге арналған өтініште резидент-заңды тұлғаның осы филиалының (өкілдігінің) валюталық операцияны жүзеге асыру немесе шетелдік банкте шот ашу туралы белгісімен резидент-заңды тұлға көрсетіледі. Мәліметтерді, есептерді және құжаттарды беруді резидент-заңды тұлға жүзеге асырады.»;

- 42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «42. Шетелдік банкте «эскроу-шот» режимінде шот ашқан кезде есептік нөмір беру үшін атына шот ашылған резидент-заңды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банкте шотқа есептік нөмір беруге арналған өтініште шетелдік банкте шот ашқан тұлға да көрсетіледі.»;
 - 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 3.** Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны¹ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 31 наурызда № 32202 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 наурыз № 13

«Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1.** «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік

¹ «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы





құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы»;
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 42-бабының 3-тармағына және 54-бабының 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ!»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 11-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 14-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 15-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 16-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 17-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 18-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 19-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-1-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 20-2-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 21-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны² Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



² «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 3 сәуірде № 32225 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 наурыз № 16

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер мен төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының төлемдер мен төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.
2. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 сәуірде № 32307 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 наурыз № 17

«Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ:**





1. «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – биржа) шетел валюталарымен сауда-саттық жүргізетін жұмыс күндері мынадай тәртіппен күнделікті айқындалады:
 - 1) Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) доллары бойынша валюта айырбастаудың нарықтық бағамы теңгенің АҚШ долларына қатысты Астана уақытымен сағат 15-30-дағы жағдай бойынша қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы ретінде айқындалады;
 - 2) басқа шетел валюталары бойынша валюталарды айырбастаудың теңгеге қатысты нарықтық бағамы АҚШ долларының теңгеге қатысты нарықтық бағамын және осы валюталардың ақпараттық агенттіктердің арналары бойынша алынған сұраныстың баға белгіленімдеріне сәйкес Астана уақытымен сағат 16-00-дегі жағдай бойынша қалыптасқан АҚШ долларына бағамдарын пайдалана отырып есептелген кросс-бағам ретінде айқындалады.
 - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі биржада сауда-саттық жүргізілген күні осы тармақта белгіленген тәртіппен айқындалған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 болып тіркелген «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына (бұдан әрі – Ресми бағамдар жөніндегі қаулы) қосымшада көрсетілген шетел валюталарының теңгеге қатысты бағамдарын белгілейді.
 - Ресми бағамдар жөніндегі қаулыға қосымшада көрсетілмеген айырбасталатын валюталардың нарықтық бағамдарын ұйымдар осы тармақта белгіленген тәртіппен дербес айқындайды. АҚШ долларының теңгеге қатысты нарықтық бағамы белгіленген күні Файнэншл Таймс (Financial Times) газетінде немесе оның интернет-ресурсында, сондай-ақ Блумберг (Bloomberg) не Рефинитив (Refinitiv) ақпараттық порталдарында жарияланған шетел валютасының АҚШ долларына бағамын пайдалануға болады.»
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны³ және бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны және бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулыны және бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы⁴ мен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



³ «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

⁴ «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 31 наурызда № 32187 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 наурыз № 23

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):
 - 1-тармақтың он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «бағалы қағаздардың шетелдік депозитарийі және банктер көрсететін қызметтерді, оларды көрсету үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесін Жаһандық зейнетақы индексіне енгізу қызметтерін;»;
 - 50-тармақтың 2) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарының (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы қамтылмаған жағдайда) үзінді-көшірмесінің көшірмесі не тендерлік өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес мерзімде берілген, ірі акционерлер туралы анықтаманың көшірмесі;»;
 - 90-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушының) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшыларының (ірі акционерлерінің) болуын немесе болмауын;»;
 - 93-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (ірі акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;»;
 - 107-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3) құрылтай құжаттарынан құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер қамтылған үзінді-көшірменің нотариат куәландырған көшірмесін (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса) не тендерлік өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес мерзімде берілген ірі акционерлер туралы анықтаманың түпнұсқасын;»;
 - 152-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (ірі акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген болса;»;





- 167-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «б) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (ірі акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;»;
 - 1-1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қаржы департаменті (Ж.Ж. Стамбекова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 26 сәуірде № 32373 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 24 сәуір № 26

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын кірісін есептеу үшін көрсеткіштер бойынша есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 190-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне, 231-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне және 249-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
 - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын кірісін есептеу үшін көрсеткіштер бойынша есептің нысаны;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын кірісін есептеу үшін көрсеткіштер бойынша есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының салық салынатын кірісін есептеу үшін көрсеткіштер бойынша



есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық форматта ұсынады.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 2 мамырда № 32408 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 24 сәуір № 28

«Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 және «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14292 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:
 - 2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8) төлем карточкаларының банкаралық жүйесі – банктер арасында есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында операциялық орталық төлем карточкалары бойынша хабарларды өңдеу мен маршруттау және клиринг жолымен банктер шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуге арналған төлем жүйесі;»;
 - 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «10. Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің арнасы операциялық орталық пен қатысушы арасында жасалған шарт негізінде банктер шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан





Республикасының аумағында жасалатын операциялар бойынша банкаралық төлемдерді жүргізу үшін пайдаланылады.

- Банктер шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары операциялық орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің арнасы арқылы жүзеге асырылады.
 - Банктер шығарған төлем карточкаларының халықаралық жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын операциялық орталық жасай алмаған (жүйеде іркілістер болған) жағдайларды қоспағанда, операциялық орталық жүзеге асырады.
 - 11. Төлем карточкалары жүйесінің арнасы төлем карточкалары жүйесінің ішкі құжаттарына және төлем карточкалары жүйесінің операторы мен жүйенің қатысушысы немесе операциялық орталық пен жүйенің қатысушысы арасында жасалған шарттардың талаптарына сәйкес банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.
 - Халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің арнасы:
 - 1) халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің ішкі құжаттарына сәйкес банктер шығарған халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде;
 - 2) халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің ішкі құжаттарына сәйкес шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар шығарған халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында;
 - 3) операциялық орталық жасай алмаған (жүйеде іркілістер болған) жағдайларда жасалған операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.
 - Халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің арнасын шетелдік валютада жүргізілген банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын өңдеу үшін және де бұрын төлем карточкаларын пайдалана жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша банк клиенттері арасындағы даулы жағдайларды шешу шеңберінде қолдануға жол беріледі.»
- 2.** «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14306 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:
 - 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) авторизация – төлем карточкасы эмитентінің төлем карточкасын пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруға беретін рұқсаты. Авторизация алу рәсімі жүйенің операциялық орталығы және (немесе) халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторы мен жүйеге қатысушы арасында жасалған шартқа сәйкес белгіленеді;
 - 2) авторизацияланған хабар – авторизация жүргізуге қажетті ақпараттан тұратын және жүйеге қатысушылар арасында жүйенің операциялық орталығы арқылы берілетін сұрату (жауап);
 - 3) банкаралық комиссия – жүйенің басқа қатысушысына қызмет көрсету желісінде жүйеге қатысушы шығарған төлем карточкалары бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде жүйенің бір қатысушысының жүйенің басқа қатысушысына төлейтін ақша сомасы;
 - 4) банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары (бұдан әрі – банкаралық төлемдер) – төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша жүйенің бір қатысушысының жүйенің осы қатысушысына қызмет көрсету желісінде басқа қатысушының пайдасына жүзеге асыратын төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;
 - 5) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесі – Қазақстан Республикасының аумағында банктер шығарған және жүйеде өңделген халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі пайдаланатын тетік;
 - 6) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы – есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысу туралы шарт (бұдан әрі – есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз



- ету туралы шарт) негізінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қосылған жүйе қатысушысы;
- 7) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету сомасы – есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің әрбір қатысушысы үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептейтін және есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шарттың талаптарына сәйкес жүйеде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының операциялары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысуды аяқтауға арналған ақша сомасы;
 - 8) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету шоты – есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шарт негізінде жүйеге қатысушы үшін ашылған шот;
 - 9) жүйеге қатысушы – жүйенің операциялық орталығымен жасалған шарт негізінде жүйеде төлем карточкасы эмитентінің және (немесе) эквайердің функцияларын орындайтын екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы және (немесе) банк операцияларының жеке-леген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – банк);
 - 10) жүйеге қатысушы шығаратын төлем карточкалары бойынша банктік сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – банктік сәйкестендіру нөмірі) – төлем карточкаларының тиісті жүйесі осы жүйеде өзі шығаратын төлем карточкасын сәйкестендіру үшін эмитентке берілген бірегей нөмір;
 - 11) жүйенің операциялық орталығы – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
 - 12) жүйенің операциялық орталығының операциялық қағидалары (бұдан әрі – операциялық қағидалар) – жүйенің операциялық орталығы қызметінің тәртібін және оған бекітілген функцияларды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын оның ішкі құжаты;
 - 13) қаржылық хабар – төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операция бойынша банкаралық төлем жүргізуге қажетті ақпараттан тұратын және жүйенің бір қатысушысының жүйенің басқа қатысушысына қатысты ақшалай міндеттемелерін (талаптарын) білдіретін төлем құжаты;
 - 14) «овердрафт» күндізгі қарызы – банкаралық төлемдер клирингінің (бұдан әрі – клиринг) нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін банкаралық ақша аудару жүйесінде олардың позицияларына ақша болмаған немесе жетіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйе қатысушыларына бір операциялық күнге беретін қысқа мерзімді қарызы;
 - 15) төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша хабарларды маршруттау (бұдан әрі – хабарларды маршруттау) – банкаралық төлемдер жөніндегі хабарлардың жүйе қатысушылары арасында жүру және берілу маршрутын айқындау процесі;
 - 16) хабар – жүйенің операциялық орталығы және жүйеге қатысушылар арасында ақпарат алмасу үшін пайдаланылатын ақпараттық деректер тобы;
 - 17) халықаралық төлем карточкалары жүйесі – қатысушылары банктер, ал операторы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын үш және одан да көп елдің аумағында осы жүйе шеңберінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін төлем карточкаларының жүйесі;
 - 18) шығыс лимиті (авторландыру лимиті) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептейтін жүйеде өңдеуге жіберілетін есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы операцияларының ақша сомасы.»;
 - 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «22. Жүйенің операциялық орталығы халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторына банктер шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын төлем карточкалары бойынша хабарларды өңдеу, маршруттау және клиринг жөніндегі қызметтерді ұсыну арқылы жүргізуді осы Қағидалардың, «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14292 болып тіркелген) және жүйенің операциялық орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ұсынады.
 - 23. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторымен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде жүйенің операциялық орталығына мынадай талаптарды орындау жүктеледі:
 - 1) халықаралық төлем карточкаларының жүйесіне қатысушылардың барлығына оның қызметтеріне қолжеткізу мен пайдаланудың тең жағдайларын қамтамасыз ету;
 - 2) жүйені қауіпсіз орналастыру және пайдалану үшін техникалық және өзге де үй-жайлардың болуы;
 - 3) төтенше және күтпеген жағдайлар туындаған кезде ақпаратты сақтауға және ақпараттық жүйелерді, дерекқорларды қалпына келтіруге арналған резервтік орталықтың болуы;





- 4) банктер шығарған төлем карточкаларымен Қазақстан Республикасының аумағында хабарларды өңдеу және маршруттау арқылы жасалған операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуді қамтамасыз ету;
 - 5) жүйеге қатысушылардың операциялары бойынша ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету;
 - 6) жүйеге қатысушылар мен жүйенің операциялық орталығы арасындағы өзара іс-қимыл кезінде пайдаланылатын хабарлардың форматтарын бекіту.»;
 - 24-тармақ алып тасталсын;
 - 25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «25. Жүйенің операциялық орталығы мен халықаралық төлем карточкаларының жүйесі операторының арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі осы Қағидаларда және олардың арасында жасалған шартта белгіленеді.»;
 - мынадай мазмұндағы 4-тараумен толықтырылсын:
 - «4-тарау. Халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің төлем карточкалары бойынша есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі
 - 32. Халықаралық төлем карточкалары жүйелерінің қатысушылары болып табылатын банктер есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне жүйенің операциялық орталығы мен аталған халықаралық төлем карточкалары жүйесінің операторы арасында жасалған шартта осындай талап болған кезде қатысады.
 - 33. Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысу және есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы мәртебесін алу үшін мыналар талап етіледі:
 - 1) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шарттың болуы;
 - 2) есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шартқа сәйкес ашылған жүйеге қатысушының есеп айырысуларының аяқталуын қамтамасыз ету шотының болуы;
 - 3) жүйеге қатысушының есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету шотында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептеген есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету сомасына қалдықтың болуын қамтамасыз ету.
 - Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету шоты есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің басқа қатысушыларының алдындағы осы операциялар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайларда есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шартқа сәйкес пайдаланылады.
 - 34. Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету сомасының жүйеде өңделетін операциялар сомаларына сәйкес болуы мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыны қамтамасыз ету сомасын есептейді (қайта есептейді) және есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету шотында осы соманы қамтамасыз ету үшін ағымдағы айға қамтамасыз ету сомасының мөлшері туралы ақпарат мәлімет үшін жеткізіледі.
 - 35. Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету туралы шартта белгіленген мерзімде ай сайын, бірақ айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидалардың 34-тармағының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.
 - 36. Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіндегі тәуекелдерді басқаруды, оның ішінде шығыс лимиттерін белгілеуді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.».
- 3.** Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының 5 орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

5 «Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 және «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы



5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 мамырда № 32606 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 22 мамыр № 32

«Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысының жекелеген нормаларының қолданысын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) мынадай нормалардың:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларында;
 - 11-тармақты тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, осы тармақтың;
 - «11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге дейінгі (қоса алғанда) мерзімде «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті қамтитын зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта ұсынады.»;
 - 16-тармақтың 2) тармақшасының бесінші және жетінші абзацтарының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулының⁶ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

⁶ «Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысының жекелеген нормаларының қолданысын тоқтата тұру туралы





4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 мамырда № 32602 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 22 мамыр № 35

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19710 болып тіркелген) мынадай мазмұндағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Мыналар:
 - осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі;
 - осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес кредиттік серіктестік жеке және заңды тұлғаларға берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есептің нысаны;



- осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес микроқаржы ұйымы жеке және заңды тұлғаларға берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес микроқаржы ұйымы берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 6), 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.
- Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.
 - Кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (кредиттік серіктестіктің орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 6), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.
 - Ломбардтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (ломбардтың орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 6), 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 11-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда 12-қосымшамен толықтырылсын;
 - осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда 13-қосымшамен толықтырылсын.
 - Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
 - Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының он сегізінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
 - Осы қаулының 1-тармағының он жетінші абзацы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады деп белгіленсін.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 22 мамыр № 38

«Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19871 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК), «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң), «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібін айқындайды.»;
 - мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:
 - «5-1. Ұлттық Банк ӘРПК-нің 66-бабына сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шарасының жобасы түрінде ресімделген қадағалап ден қою шарасын қолдану туралы алдын ала шешімді оларға алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу орны мен уақыты туралы хабарламамен қоса жібереді.
 - Қадағалап ден қою шарасын қолдану туралы алдын ала шешім және тыңдауды өткізу орны мен уақыты туралы хабарлама қадағалап ден қою шарасын қолдану туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.



- Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар қадағалап ден қою шарасын қолдану туралы алдын ала шешімге ӘРПК-нің 73-бабы 3-бөлігінде белгіленген мерзімде қарсылығын ұсынады немесе білдіреді.
 - 5-2. ӘРПК-нің 96-бабына сәйкес шағым беру қолданылған қадағалап ден қою шараларының (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) орындалуын тоқта тұрмайды.»;
 - 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8. Қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы Ұлттық Банктің хатымен ӘРПК-нің 80-бабында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді және осы шараны қолданудың негіздерін және анықталған кемшіліктер, тәуекелдер немесе бұзушылықтар туралы хабарламаны және (немесе) анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды және (немесе) Ұлттық Банк кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды қайта анықтаған, сондай-ақ қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары орындалмаған жағдайда, қадағалап ден қоюдың өзге шараларын қолдану мүмкіндігі туралы ескертуді қамтиды.».
2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 12 шілдеде № 33062 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 29 маусым № 41

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 224 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19671 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:





- кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Мемлекеттік статистика туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 12 шілдеде № 33060 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 29 маусым № 42

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ»;
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Мыналар:
 - осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі;
 - осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есептің нысаны;



- осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған «кері репо» және репо операциялары туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есептің нысаны;
 - осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;
 - осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
- 2.** Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- 1) ай сайын:
 - осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) кешіктірмей;
 - осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 15) және 16) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) тоқсан сайын:
 - осы қаулының 1-тармағының 8) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - осы қаулының 1-тармағының 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей ұсынады.»;
 - 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;





- 9-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 13-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 13-1-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 15-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 16-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 17-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 18-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 19-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-1-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-2-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда 18-қосымшамен толықтырылсын;
- осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда 19-қосымшамен толықтырылсын;
- 21-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 2. «Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;
- 1-тармақта:
- 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған «кері репо» және репо операциялары туралы есептің нысаны;»;
- 13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есептің нысаны;»;
- 34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;»;
- 38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;»;
- 40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;»;
- 42) және 43) тармақшалар алып тасталсын;
- 52), 53) және 54) тармақшалар алып тасталсын;
- 56) және 57) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
- «56) осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;»;
- 57) осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;»;
- 58) тармақша алып тасталсын;
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «2. Инвестициялық портфельді басқару қызметін (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы), бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы қаулыға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.
- Инвестициялық портфельді басқарушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.



- Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 13, 14 және 27-2-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.
- Сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 27, 27-1 және 27-3 -қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.
- Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қаулыға 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.
- Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 56 және 57-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.
- Брокерлер және (немесе) дилерлер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 19 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.
- Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қосымша ұсынады.
- Бірыңғай оператор Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.
- Кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 24, 25, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.
- Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.
- Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40 және 41-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.
- Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 және 51-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.
- Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.
- Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.
- Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалдары және Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.
- Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.
- Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 16-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес есептілікті ұсынбайды.
- Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке осы қаулыға сәйкес есептілікті ұсынбайды.
- Инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін және сенімгерлік басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде көрсетпейді.»;
- 1-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 3-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 4-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-қосымша осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 8-қосымша осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;





- 9-қосымша осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 10-қосымша осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 11-қосымша осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 12-қосымша осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 13-қосымша осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 14-қосымша осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 15-қосымша осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 16-қосымша осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 17-қосымша осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 18-қосымша осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 19-қосымша осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-қосымша осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 21-қосымша осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 22-қосымша осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 23-қосымша осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 24-қосымша осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 25-қосымша осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 26-қосымша осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 27-қосымша осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 27-1-қосымша осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 27-2-қосымша осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 27-3-қосымша осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 28-қосымша осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 29-қосымша осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 30-қосымша осы қаулыға 52-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 31-қосымша осы қаулыға 53-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 32-қосымша осы қаулыға 54-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 33-қосымша осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 34-қосымша осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 35-қосымша осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 36-қосымша осы қаулыға 58-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 37-қосымша осы қаулыға 59-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 38-қосымша осы қаулыға 60-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 39-қосымша осы қаулыға 61-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 40-қосымша осы қаулыға 62-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 41-қосымша осы қаулыға 63-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 44-қосымша осы қаулыға 64-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 45-қосымша осы қаулыға 65-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 46-қосымша осы қаулыға 66-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 47-қосымша осы қаулыға 67-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 48-қосымша осы қаулыға 68-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 49-қосымша осы қаулыға 69-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 50-қосымша осы қаулыға 70-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 51-қосымша осы қаулыға 71-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 55-қосымша осы қаулыға 72-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 56-қосымша осы қаулыға 73-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 57-қосымша осы қаулыға 74-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 59-қосымша осы қаулыға 75-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.



5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жиырма бірінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
- Осы қаулының 1-тармағының жиырма сегізінші абзацының қолданысы осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:
 - «осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13) және 15) тармақшаларында көзделген есептілік-ті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей».

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 12 шілдеде № 33070 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 29 маусым № 43

Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттерге қойылатын қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 1-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттерден алынған (бейрезиденттерге ұсынылған) көлік қызметтері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 2-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттерден алынған (бейрезиденттерге ұсынылған) теміржол көлігі қызметтері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 3-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес «Бейрезидент көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 4-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес «Бейрезидент көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 5-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік басқару секторының халықаралық операциялары, сыртқы активтері және міндеттемелері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 7-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттерге қойылатын қаржылық талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 9-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 10-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
- 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 11-ТБ-ЖС, кезеңділігі тоқсандық);
- 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген сыртқы қарыздар және Қазақстан Республикасының кепілдемесімен тартылған қарыздар туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 14-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);





- 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 15-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
 - 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес «Бейрезиденттерге берілген кредиттер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 17-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);
 - 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес «Кәсіпорындарды төлем балансы бойынша тексеру сауалнамасы» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі ТБЗ-1, кезеңділігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі аумақтық филиалының сұратуы бойынша);
 - 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (индексі 11-ТБ-ӨС, кезеңділігі тоқсандық) бекітілсін.
2. Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (А.Е. Әбішева) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 7 тамызда № 33248 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 31 шілде № 58

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқа-



руындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген) мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) әлеуетті жеткізуші – тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алған (жалға алған) жағдайда әлеуетті жеткізуші болып табылады;
- 2) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы – әлеуетті жеткізушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;
- 3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастыруына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;
- 4) біріздендіру – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді рұқсат етілетін элементтер мен шешімдер тізбесін қысқарту, оларды біртектілікке келтіру арқылы артық әртүрлілікті жоюға бағытталған сатып алу;
- 5) бюджет – тапсырыс берушінің бюджеті (шығыстар сметасы), бизнес-жоспары (жылдық бюджеті), даму жоспары;
- 6) жеткізуші – заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы), тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның қарсы агенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға, тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі баспананы сатып алған (жалға алған) жағдайда жеткізуші болып табылады;
- 7) жұмыс – заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;
- 8) көрсетілетін қызмет – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;
- 9) қаржы жылы – ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт кезеңі;
- 10) құрылыстағы кешенді жұмыстар – жобалау және іздестіру жұмыстарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілерін «толықтай дайын» салуды және көрсетілген жұмыстарға ілеспе тауарларды жеткізуді және (немесе) қызметтер көрсетуді қамтитын жұмыстар жиынтығы;
- 11) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі – «Мемлекеттік сатып алу туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы заң), «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілердің тізбесі;
- 12) сараптама комиссиясы (сарапшы) – әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты техникалық ерекше нұсқамасына сәйкес келуі не сәйкес келмеуі туралы сараптамалық қорытындыны дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын (айқындайтын) алқалы орган (маман);
- 13) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;
- 14) сатып алуды ұйымдастырушы – тапсырыс берушінің бөлімшесі немесе филиалы немесе ведомствосы, тапсырыс берушінің шешімімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімі үшін жауапты заңды тұлға;
- 15) сатып алу порталы – электрондық сатып алуға бірыңғай қолжетімділік нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;
- 16) тапсырыс беруші – бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық ка-





- питалға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;
- 17) стандарттау – нақты және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп мәрте және ерікті пайдалану ережелерін белгілеу арқылы тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды реттеудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
 - 18) сатып алу – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушінің бюджеті қаражатының есебінен Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алу;
 - 19) тендерлік комиссия – тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу-ды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;
 - 20) ұзақ мерзімді шарт – 12 (он екі) айдан аса мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;
 - 21) Ұлттық Банктің ұйымдары – Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлікпен басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;
 - 22) тауар – нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижелері, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;
 - 23) ішкі кооперация – тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан не олардың үлестес тұлғаларынан олардың ережесінде немесе жарғысында көзделген, сондай-ақ тапсырыс берушінің қызметін тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;
 - 24) электрондық сатып алу – «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» акционерлік қоғамы оператор болып табылатын сатып алу порталын пайдалана отырып тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
 - 25) сатып алу туралы шарт – 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі) және Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық мәміле.»;
 - мынадай мазмұндағы 111-1-тармақпен толықтырылсын:
 - «111-1. Әлеуетті жеткізушінің құрылыстағы кешенді жұмыстарға арналған тендерлік баға ұсынысы, егер сатып алу жоспарында не бюджетте көзделген сомадан 10 (он) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.»;
 - 1-қосымшаның 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілерін (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттары, үй-жайлары, кассалық орталықтар, сақтау орындары, өндірістік объектілер), оның ішінде ерекше маңызды мемлекеттік және террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілерді сатып алу, құру (салу), жөндеу (қайта салу), олардың үздіксіз және үзіліссіз жұмыс істеуін және жарақтандырылуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ құрылыстағы кешенді жұмыстарды, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтерді сатып алу үшін.
 - Осы тармақшада көзделген жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні айқындау кезінде осы Қағидалардың демпингтік бағаны айқындау тәртібін реттейтін нормалары қолданылады.».
2. Қаржы департаменті (Ж.Ж. Стамбекова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (Н.К. Косбаев) бірлесіп осы қаулыны⁷ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы



3. Осы қаулының⁸ орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қыркүйекте № 33384 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 21 тамыз № 63

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына исламдық қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының исламдық қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



⁸ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 26 қыркүйек № 66

«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:
 - 2-тарауда:
 - 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «13. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы ақша жөнелтуші немесе ақша алушы болып табылатын резидент уәкілетті банкке осы төлем және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруге рұқсат беру туралы мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады.
 - Осы рұқсат еркін нысанда ресімделеді. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін валюталық операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын валюталық шарт шеңберіндегі валюталық операциялар бойынша барлық төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына қатысты бір рұқсат беруге жол беріледі.»;
 - мынадай мазмұндағы 4-параграфпен толықтырылсын:
 - «4-параграф. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін жекелеген валюталық операциялардың түрлері мен өлшемшарттары және оларды жүргізу тәртібі.
 - 16-1. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге бағытталуы мүмкін валюталық операцияларға мынадай операциялар жатады:
 - 1) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (уәкілетті банкті қоспағанда) ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;
 - 2) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, резидентте (уәкілетті банкті қоспағанда) бейрезидентке ақша қайтару бойынша талаптардың туындауы көзделетін қаржылай қарыз;
 - 3) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылай қарыз нысанын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің үлестес тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;
 - 4) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортқа ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап 720 (жеті жүз жиырма) күннен асатыны көзделсе, экспорт бойынша операциялар;
 - 5) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) аванстық төлемді немесе толық көлемде алдын ала төлем сомасын қоса алғанда (бейрезидент импорт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда), бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша немесе ақшаны



- қайтару бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап 720 (жеті жүз жиырма) күннен асатыны көзделсе, импорт бойынша операциялар;
- 6) резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына бейрезидент-кәсіби қатысушыға баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;
 - 7) резиденттің шетелдегі өз шотына баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;
 - 8) резиденттің бейрезиденттің пайдасына баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға жүзеге асыратын өтеусіз ақша аударымы.
- Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген валюталық операциялар сауда немесе исламдық қаржыландыру жөніндегі мәмілелер шеңберінде туындайтын қаржылай қарыздарды, сондай-ақ бейрезиденттер Қазақстан Республикасындағы өз филиалдарымен (өкілдіктерімен) жүзеге асыратын операцияларды және шетелдік ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы филиалдарының (өкілдіктерінің) арасындағы операцияларды қамтымайды.
- Осы тармақтың мақсаттары үшін резиденттің үлестес тұлғасына:
- 1) резидент – заңды тұлғаның акционерлік қоғамының дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы (қатысушылар дауыстарының он және одан көп пайызы) тиесілі тұлға;
 - 2) осы резидентке акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы (қатысушылар дауыстарының он және одан көп пайызы) тиесілі тұлға;
 - 3) осы резидентпен бірлесіп үшінші тұлғаның бақылауындағы тұлға жатады.
- Осы тармақ шетелдік қаржылық емес ұйымдардың филиалдары (өкілдіктері) жүзеге асыратын ішкі корпоративтік ақша аударымдарына қолданылмайды.
- 16-2. Жүргізілуі Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін валюталық операцияларға бір бейрезидентпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарт бойынша осындай валюталық шарттарға есептік нөмір берілуі тиіс шекті мәннен асатын жалпы сомаға бір тұлғаның күнтізбелік бір ай ішіндегі төлемдері және (немесе) ақша аударымдары жатады.
- 16.3. Қағидалардың 16-1 және 16-2-тармақтарында көрсетілген валюталық операциялар бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізу кезінде резидент уәкілетті банкке осы төлем және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына, сондай-ақ уәкілетті банктің талабы бойынша уәкілетті банкке «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) талаптарына сәйкес операцияға мониторинг жүргізу және оны зерделеу үшін қажетті өзге де құжаттар мен ақпаратты ұсынуға рұқсат береді.
- 16-4. Қағидалардың 16-1 және 16-2-тармақтарында көрсетілген валюталық операциялар бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізу кезінде уәкілетті банк КЖТҚҚ туралы заңның 11-бабына сәйкес әзірленіп, қабылданған ішкі бақылау қағидаларында көзделген клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасына сәйкес осындай операцияға мониторинг жүргізеді және оны зерделейді.»
- 2.** «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларында:
 - 9-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 3.** Төлем балансы департаменті (А.Б. Өскенбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы қаулыны⁹ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

⁹ «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы





4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қазанда № 33507 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 26 қыркүйек № 67

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қаржы нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.
4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының жиырмамыншы, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші және алпыс алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
 - Тізбенің 3-тармағының он тоғызыншы, қырық төртінші және алпыс бесінші абзацтары 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қазанда № 33510 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 26 қыркүйек № 71

«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы монеталарының қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 114 және «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы монеталарының қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 114 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 133215 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы монеталарының дизайнын айқындау және айналысқа шығару туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 63 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Ескі үлгідегі айналыстағы монеталардың және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталардың қатар айналыста болу кезеңінде:
 - 1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19680 болып тіркелген, «Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес:
 - ескі үлгідегі айналыстағы монеталарды және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталарды ұсақтауды, айырбастауды қоса алғанда, оларды қабылдауды және беруді жүзеге асырады;
 - жеке және заңды тұлғалардан қабылданған ескі үлгідегі айналыстағы монеталарды және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына тапсырады;
 - 2) Ұлттық Банктің филиалдары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21299 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес:
 - ескі үлгідегі айналыстағы монеталарды және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталарды ұсақтауды, айырбастауды қоса алғанда, оларды қабылдауды және беруді жүзеге асырады;
 - кейіннен қолма-қол ақшасыз баламасын заңды тұлғалардың, екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының және Ұлттық пошта операторының тиісті шоттарына аудара отырып, заңды тұлғалардан, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерден, Қазақстан Респуб-





ликасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының және Ұлттық пошта операторынан ескі үлгідегі айналыстағы монеталарды және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталарды айналым кассасына қабылдайды;

- кейіннен қолма-қол ақшасыз баламасын заңды тұлғалардың, екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына және Ұлттық пошта операторының тиісті шоттарынан есептен шығара отырып, заңды тұлғаларға, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының және Ұлттық пошта операторына ескі үлгідегі айналыстағы монеталарды және жаңа үлгідегі айналыстағы монеталарды айналым кассасынан береді.».

2. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21015 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын;
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ.»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен бірлесіп (Н.К. Косбаев) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 5-қосымшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қазанда № 33506 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 26 қыркүйек № 72



«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқар-

масының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 92-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 58) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына және 12-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - көрсетілген қаулыммен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:
 - 1, 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Мемлекеттік статистика туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң), «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдарды лицензиялау, уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.
2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) автоматтандырылған айырбастау пункті – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаға тиесілі және оның қызметкерінің қатысуынсыз оған қолма-қол ақшаны осы құрылғыға енгізу және одан басқа валютада қолма-қол балама соманы алу арқылы айырбастау операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
 - 2) айырбастау операциялары – айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар;
 - 3) айырбастау пункті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңдары негізінде Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк құрған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған орын;
 - 4) айырбастау пунктінің операциялық кассасы – айырбастау пункті үй-жайының қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «Алтынның өлшеуіш құймалары. Техникалық талаптар» ҚР СТ 2049 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылдан ерте емес шығарған аффинирленген құйма алтынды (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтын) сатып алу және (немесе) сату кезінде клиенттерге қызмет көрсететін кассирге арналған, арнайы жабдықталған бөлігі (кассирдің жұмыс аймағы);
 - 5) аппараттық-бағдарламалық кешен – айырбастау операцияларының, аффинирленген құйма алтынды сатып алудың және (немесе) сатудың есебін жүргізуді, жасалған айырбастау операциялары, аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операциялары бойынша ақпараттың түзетілмейтін тіркелуін және энергияға тәуелсіз сақталуын қамтамасыз ететін, бақылау-касса машинасының функцияларын іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;
 - 6) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлағы, аэровокзалы, сондай-ақ басқа да қажетті құрылыстары мен жабдығы бар құрылыстар кешені;





- 7) бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;
- 8) казино – құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;
- 9) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, заңды тұлғалар;
- 10) қолданыстағы лицензия – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензия;
- 11) қолма-қол шетел валютасы – шет мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған айналыстағы банкноттар, монеталар және қазынашылық билеттер;
- 12) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға – өзіне Ұлттық Банк, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк;
- 13) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;
- 14) лицензияға қолданыстағы қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензияға қосымша;
- 15) лицензияға қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің нақты орналасқан орны туралы мәліметтер қамтылған ажырамас бөлігі;
- 16) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі;
- 17) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;
- 18) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;
- 19) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;
- 20) мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті – теміржол, автомобиль вокзалы немесе станциясы, теңіз немесе өзен порты, халықаралық әуежай немесе әуеайлақ шектеріндегі аумақ (акватория), сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу жүзеге асырылатын тиісті инфрақұрылымы бар, Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жерде арнайы бөлінген өзге де жергілікті жер учаскесі;
- 21) мінсіз іскерлік бедел – кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы;
- 22) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);
- 23) теміржол вокзалы – класына қарай халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үйлердің, ғимараттардың (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал маңындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;



- 24) уәкілетті банктер – валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары;
 - 25) уәкілетті ұйымдар – банктер болып табылмайтын, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары;
 - 26) ұлттық валюта – Қазақстан Республикасының аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен монеталары түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы Қазақстан Республикасының ақша бірліктеріндегі ақша;
 - 27) шетел валютасы – шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының) аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын банкноттар, монеталар түріндегі ақша белгілері, банктік шоттардағы шет мемлекеттердің (мемлекеттер тобының) ақша бірліктеріндегі және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі ақша;
 - 28) электрондық лицензия және лицензияға электрондық қосымша – ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін, маңызы қағаз тасымалдағыштағы лицензиямен және лицензияға қосымшамен бірдей электрондық құжат нысанындағы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және лицензияға қосымша;
 - 29) «электрондық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;
 - 30) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.
- 3.** Уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым (оның филиалы) Қағидаларда көзделген есептерді Ұлттық Банкке электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы ұсынады.
- Егер Қағидаларда белгіленген есепті ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күні аяқталатын болса, онда есепті ұсыну мерзімінің соңғы күні болып одан кейінгі жұмыс күні есептеледі.
- 4.** Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау операцияларын жүргізгенге, аффинирленген құйма алтынды сатып алғанға және (немесе) сатқанға дейін «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) 5-бабына сәйкес клиенттерді тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдайды.»;
- 6-тармақта:
 - 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2) мінсіз іскерлік беделі жоқ адамдар»;
 - 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5) ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген (тұратын) тұлғаларды.
 - Осы тармақшаның мақсаты үшін Ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекет (аумақ) деп қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган КЖТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасаған Тізбеге енгізілген мемлекет (аумақ) түсініледі;
 - 6) құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген, оффшорлық аймақтар ретінде сипатталатын шет мемлекеттердің бірінің аумағында және (немесе) шет мемлекеттер аумақтарының бөліктерінде тіркелген (тұратын) тұлғалар болып табылатын заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылтайшылары, қатысушылары (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган КЖТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасайтын ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген (тұратын) тұлғалар болып табылатын заңды тұлғаларды.





- Осы тармақшаның мақсаты үшін Ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекет (аумақ) деп қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган КЖТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасаған Тізбеге енгізілген мемлекет (аумақ) түсініледі»;
- 6-1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) мінсіз іскерлік беделі жоқ адам уәкілетті ұйымның (оның филиалының) басшысы болып тағайындалмайды.»;
- 8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «1) Астана қаласында, республикалық маңызы бар қалаларда, облыстардың әкімшілік орталықтарында, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан әрбір айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін 100 000 000 (бір жүз миллион) Қазақстан теңгесін (бұдан әрі – теңге);»;
- 11-тармақта:
- 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «2) айырбастау пунктінің операциялық кассасы бейне деректер архивінің резервтік көшірмесін жасауды және архивті жою мен редакциялаудан қорғауды қамтамасыз ететін техникалық құрылғыларда күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде айырбастау пунктінің қызметін жүзеге асыру процесінің ақпаратын жазу мен сақтауды қамтамасыз ететін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады, бұл ретте бейнебақылаудың көріну аймағында кассирдің жұмыс аймағы мен клиент болады, ал тиісті құрылғылар бейнебақылау және ұлттық және шетел валютасын көзбен шолып сәйкестендіру мүмкіндігі үшін кедергілердің болмауын қамтамасыз ететін орындарда орнатылады.
- Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға осы тармақшаның талаптарына сәйкес бейнежазбалардың (бейнеархивтердің) болуын және сақталуын қамтамасыз етеді»;
- 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «4) уәкілетті ұйым (оның филиалы) басшысының Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келуі.»;
- 12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- «12. Заңды тұлға лицензияны және лицензияға қосымшаны алу үшін «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді»;
- 13 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «13. Біліктілік талаптарына сәйкестікті растау ретінде заңды тұлға «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:
- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш (Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайда), Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);
- 2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банк не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалы клиентінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмелердің Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес заңды тұлғаның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын электрондық көшірмелерін, не қосымша айырбастау пунктін ескере отырып, уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған жарамды лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген айдың біріндегі жағдай бойынша қаржылық есептіліктің электрондық көшірмесін (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);
- 3) уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын құжаттың (қарыз шарты, мүлікті сатып алу-сату шарты, кірістер туралы анықтама, уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін ашатын басқа құжаттар) электрондық көшірмесін жібереді.
- Уәкілетті ұйым қосымша ашылатын айырбастау пунктін (автоматтандырылған айырбастау пункті) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш білдірген кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қосымша ашылатын айырбастау пунктін ескере отырып уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына салымның шығу көзін растайтын мәліметтер болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген құжат ұсынылады.
- Автоматтандырылған айырбастау пунктін ашқан кезде біліктілік талаптарына сәйкес келуді растау ретінде уәкілетті ұйым «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген электрондық құжатты, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін, сондай-ақ автоматтандырылған ай-



ырбастау пунктiнiң техникалық сипаттамаларын және оның Қағидалардың 37-тармағында белгiленген талаптарға сәйкес келуiн растайтын құжаттың электрондық көшiрмесiн жiбередi.»;

- 17-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «17-1. «Уәкiлеттi ұйымдарға берiлетiн қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру» мемлекеттiк қызметтi көрсетуге процестiң сипатын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесiн, сондай-ақ мемлекеттiк қызметтi көрсету ерекшелiктерiн ескере отырып, өзге мәлiметтердi қамтитын негiзгi талаптар тiзбесi Қағидаларға 4-1-қосымшада белгiленген.
- Мемлекеттiк қызмет көрсету тәртiбiн айқындайтын бөлiгiнде Қағидаларға енгiзiлген өзгерiстер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат Ұлттық Банктiң ресми интернет-ресурсында орналастырылады және «электрондық үкiметтiң» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, сондай-ақ Бiрыңғай байланыс орталығына Қағидаларға өзгерiстер және (немесе) толықтырулар енгiзу туралы нормативтiк құқықтық актi ресми жарияланған күннен кейiн 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде жiберiледi.»;
- 17-2-тармақтың екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:
- «Өтiнiш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейiн, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес демалыс және мереке күндерi келiп түскен кезде өтiнiштер келесi жұмыс күнi қабылданады.»;
- 17-3 және 17-4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «17-3. Жауапты бөлiмшенiң қызметкерi өтiнiштi тiркеген күннен бастап 2 (екi) жұмыс күнi iшiнде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексередi.
- Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактiсi анықталған жағдайда, жауапты бөлiмшенiң қызметкерi өтiнiштi тiркеген күннен бастап 2 (екi) жұмыс күнi iшiнде өтiнiштi одан әрi қараудан дәлелдi бас тартуды дайындайды және жiбередi.
- Берiлген құжаттардың толық болу фактiсi анықталған кезде, жауапты бөлiмшенiң қызметкерi лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға өтiнiш тiркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнi iшiнде, қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтiнiш тiркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуi тұрғысынан қарастырады, лицензияның және лицензияға қосымшаның, қолданыстағы лицензияға қосымшаның не дәлелдi бас тартудың жобасын дайындайды.
- Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшiн негiздер анықталған кезде Ұлттық Банктiң аумақтық филиалы көрсетiлетiн қызметтi алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешiм туралы, сондай-ақ көрсетiлетiн қызметтi алушыға алдын ала шешiм бойынша ұстанымын бiлдiруге мүмкiндiк беру үшiн тыңдауды өткiзу уақыты мен орны туралы хабарлайды.
- Тыңдау туралы хабарлама лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзiмi аяқталғанға дейiн кемiнде 3 (үш) жұмыс күнi бұрын жiберiледi.
- Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екi) жұмыс күнiнен кешiктiрiлмей өткiзiледi.
- 17-4. Заңды тұлғаның айырбастау пунктiне арналған үй-жайының, жабдығының қойылатын талаптарға сәйкестiгiн қарап тексерудi Ұлттық Банктiң аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшiн көзделген мерзiм iшiнде жүргiзедi.»;
- 19-тармақтың үшiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:
- «Осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнiң 2) тармақшасында және екiншi бөлiгiнiң 2) тармақшасында көрсетiлген жағдайларда, егер уәкiлеттi ұйымның мемлекеттiк тiркеу орнының, уәкiлеттi ұйымның айырбастау пунктiнiң орналасқан жерiнiң мекенжайының өзгеруi «Қазақстан Республикасының әкiмшiлiк-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елдi мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруiне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресiмдеу жүзеге асырылмайды.»;
- 19-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «19-2. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресiмдеген кезде жауапты бөлiмшенiң қызметкерi лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресiмдеуге өтiнiштi тiркеген күннен бастап 2 (екi) жұмыс күнi iшiнде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексередi.
- Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактiсi анықталған жағдайда, жауапты бөлiмшенiң қызметкерi осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген мерзiм iшiнде өтiнiштi одан әрi қараудан жазбаша дәлелдi бас тартуды дайындайды және жiбередi.
- Қолданыстағы құжаттардың толық болу фактiсi анықталған кезде жауапты бөлiмшенiң қызметкерi лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресiмдеуге өтiнiштi тiркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келуiн қарайды, қайта ресiмделген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның не дәлелдi бас тартудың жобасын дайындайды.
- Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресiмдеуден бас тарту үшiн негiздер анықталған кезде Ұлттық Банктiң аумақтық филиалы көрсетiлетiн





қызметті алушыға қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

- Тыңдау туралы хабарлама қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін мерзім аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей тыңдау жүргізіледі.
- «Электрондық үкіметтің» веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетіне жіберіледі.;
- 19-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «19-4. Мыналар:
 - 1) Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 4-тармағында, Рұқсаттар туралы заңның 29-бабында, Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-тармағында көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбау, сондай-ақ Рұқсаттар туралы заңның 32-бабында көзделген жағдайлар;
 - 2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 3 және 4-тармақтарында, Рұқсаттар туралы заңның 29-бабында, Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден, қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.»;
- 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «23. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшері және (немесе) құрылтайшылардың (қатысушылар) құрамы өзгеруі туралы жарғының жаңа редакциясының немесе жарғыға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, нотариат куәландырған), сондай-ақ уәкілетті ұйымның әділет органдарына хабарлағанын растайтын құжатты ұсына отырып, әділет органдары тіркеген және (немесе) хабардар болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабарлайды.
- Жарғылық капиталдың мөлшері ұлғайған жағдайда, Қағидалардың 13-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.
- Құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесі және (немесе) құрамы өзгерген жағдайда, Қағидалардың 13-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылады.
- Егер құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы және (немесе) ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшері өзгерген жағдайда, уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.»;
- мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:
- «23-1. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) өз қызметін бастаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып, басшы тағайындалғаны туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.
- Басшы ауысқан жағдайда, уәкілетті ұйым (оның филиалы) шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.»;
- 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «24. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пунктінде айырбастау пунктіннің операциялық кассаларының санын ұлғайту немесе қысқарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, бұл туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.»;
- 27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «27. Қолданыстағы лицензияның және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаның қолданылуы тоқтатыла тұрған не уәкілетті ұйымды одан айырған жағдайда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензиядан және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензияға қосымшадан айыру (қолданылуын тоқтата тұру) туралы шешім Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оны Ұлттық Банктің аумақтық филиалының басшысы бекітеді.
- Ұлттық Банктің аумақтық филиалы уәкілетті ұйымның қолданыстағы лицензиясының не лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы алдын ала шешімі туралы, сондай-ақ уәкілетті ұйымға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы уәкілетті ұйымды хабардар етеді.
- Тыңдау туралы хабарлама уәкілетті ұйымның қолданыстағы лицензиясының және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуын тоқтата тұру не одан айыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.
- Тыңдау хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.



- Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің көшірмесі уәкілетті ұйымға шешім қабылданған күні жіберіледі.
- Уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің көшірмесін алған кезден бастап және Ұлттық Банктің аумақтық филиалының шешімінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін:
- 1) қолданыстағы лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – оған тиесілі барлық айырбастау пункттерінің қызметін;
- 2) лицензияға қолданыстағы қосымшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұрады.»;
- 33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «33. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау пунктінің қызметін жүзеге асыру процесінде Қағидалардың 6-1 және 11-тармақтарында белгіленген айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлеріне қойылған талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.»;
- 39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «39. Әрбір айырбастау пунктінде клиенттердің көруі үшін қолжетімді жерде мынадай ақпарат:
- 1) Банктер туралы заңның 30-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес лицензияны алу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, қазақ және орыс тілдеріндегі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның көшірмесі;
- 2) уәкілетті ұйымдар үшін – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы осы айырбастау пунктіне берген қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның көшірмесі;
- 3) уәкілетті банктер үшін – Ұлттық Банктің аумақтық филиалының жазбаша растамасының көшірмесі (осындай растама алған айырбастау пункттері үшін) не айырбастау пункті куәлігінің көшірмесі (Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін айырбастау пунктінің куәлігін алған айырбастау пункттері үшін);
- 4) айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату операциялары жүргізілетін әрбір шетел валютасы үшін белгіленген, теңгемен қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы мәліметтер қамтылатын клиенттерге арналған ақпараттық стенд (биіктігі кемінде 0,4 метр және ені 0,4 метр) орналастырылады.
- Теңгемен қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы ақпаратты автоматтандырылған айырбастау пунктінің мониторында орналастыруға рұқсат етіледі.
- 5) айырбастау пунктінің клиенттеріне арналған Ұлттық Банктің айырбастау пунктінің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын аумақтық филиалы туралы және осы айырбастау пунктінің жұмысына ескертулер болған кезде Ұлттық Банктің осы аумақтық филиалына шағым жіберу мүмкіндігі туралы мәліметтер қамтылатын, Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат;
- 6) Ұлттық Банктің осы актісі қолданылуы кезеңінде айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгемен сату бағамынан сатып алу бағамының ауытқу шегін белгілейтін актісінің көшірмесі;
- 7) клиенттерге қызмет көрсететін кассир туралы ақпарат (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда);
- 8) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның интернет-ресурсы туралы ақпарат (ол болған кезде) орналастырылады.
- Осы тармақтың 1), 3) және 6) тармақшаларында көзделген ақпаратты қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның интернет-ресурсында орналастыруға рұқсат етіледі.
- Жеке тұлғаның талабы бойынша айырбастау пунктінің кассирі айналысқа жарамды және айналысқа жарамсыз банкноттардың негізгі белгілері туралы, инкассода төленбейтін немесе айналысқа жарамсыз шетел валютасының банкноттарын (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) қабылдау тәртібі мен шарттары туралы ақпаратты ұсынады.»;
- 40-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;
- 44-тармақта:
- бірінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- «электрондық өкімдерді 5 (бес) жыл бойы сақтау.»;
- үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- «Өкімдердің көрсетілген даналары 5 (бес) жыл бойы сақталады.»;
- 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «51. Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында:
- клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);
- клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);





- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;
- клиенттің заңды мекенжайы (мемлекеті, елді мекені, көшесі, үй нөмірі, пәтер нөмірі (бар болса) тіркеледі.
- Айырбастау операцияларын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомада айырбастау пункттері (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері) арқылы жүргізілген айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.
- Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін тізілімдер журналында тіркеу «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректері негізінде жүзеге асырылады.»;
- 54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «54. Айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 166-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айырбастау операциясы бақылау чегін бере отырып жүргізілгенін растайды.»;
- 59 және 60-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «59. Эмитенттің тиісті елінің (эмитенттің елдері тобында) аумағында қолма-қол төлемнің заңды құралы болып табылатын, сондай-ақ эмитент елінің (эмитенттің елдері тобының) анықтамалық материалдарында көрсетілген толық сипаттамасына сәйкес келетін шетел валютасының банкноттары айналысқа жарамды заңды төлем құралдары деп танылады.
- 60. Егер шетел валютасының банкноттары Қағидалардың 59-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе және (немесе) мынадай бұлуы:
- 1) бөлшектеліп жыртылған (оның ішінде жабысқақ лентамен желімденген);
- 2) жанған немесе күйдірілген;
- 3) 1 (бір) шаршы сантиметрден астам ауданына бояғыш заттар төгілген;
- 4) сызаттары және ластануы, сондай-ақ ультракүлгін сәулелерде ашық көк және (немесе) күлгін жарықпен қағаздың жарқырауына әкелген дақтар, олардың ең үлкені ең кең бөлігінде диаметрі 2 сантиметрден асатын немесе банкноттың шетіндегі жиегінің ені 0,5 сантиметрден асатын;
- 5) қасақана сипатта:
- негізгі суреттері, атап айтқанда адамдардың портреттері өзгерген, қорғаныш жібі жойылған;
- тыныс белгілерін қоспағанда, 2 (екі) және одан да көп белгіден (символдан) тұратын, оның ішінде ультракүлгін сәулелерде көрінетін бөгде жазба (жазбалар) болса;
- шетел валютасының банкноты түпнұсқа емес немесе үлгі болып табылатынын білдіретін 2 (екіден) астам мөртабан және (немесе) мөртабан іздері болса;
- тесігінің диаметрі 1 (бір) миллиметрден асатын тесігі (тесіктері) болса;
- 6) жоғалған бұрыштары немесе бөліктері (ауданы 1 (бір) шаршы сантиметрден астам);
- 7) ұзындығы банкнот енінің (ұзындығының) төрттен бір бөлігінен асатын 3 (үштен) астам жыртығы (оның ішінде түссіз жабысқақ лентамен желімделген (бір-біріне желімделген);
- 8) геометриялық өлшемдері азаюы жағына сияқты ұлғаюы жағына да 3 (үш) миллиметрден артық өзгерген;
- 9) баспадан кеткен анық ақауы (сутамғы белгісінің немесе қорғаныш жіптің болмауы немесе дұрыс орналаспауы, бейнелердің басылмауы немесе бұлыңғыр болуы);
- 10) жұмсарған және (немесе) қаттылығын жоғалтқан болса, олар айналысқа жарамсыз болып танылады.
- Тиісті шет мемлекеттің эмитент-банкі жариялаған күннен кейін айналыстан шығарылған шетел валютасының банкноттары төлемге жарамсыз деп танылады.»;
- мынадай мазмұндағы 60-1-тармақпен толықтырылсын:
- «60-1. Қағидалардың 59 және 60-тармақтарына сәйкес шетел валютасының банкноттарын айналысқа жарамды және (немесе) жарамсыз санатына жатқызу мүмкін болмаған жағдайда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) орталық банктер эмитенті елдерінің анықтамалық ұсынымдарына сәйкес шетел валютасы банкноттарының айналысқа жарамдылығы және (немесе) жарамсыздығы дәрежесін айқындайды.»;
- 62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «62. Уәкілетті банк есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ай сайын Ұлттық Банкке Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынады.»;
- 64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



- «64. Уәкілетті банк, уәкілетті ұйым (оның филиалы) есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ай сайын Ұлттық Банкке не Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес «Баламасы 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттарының долларына тең немесе одан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынады.»;
- 73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «73. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінде жүргізілетін аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі әрбір операция Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операцияларды есепке алудың электрондық журналында (бұдан әрі – аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы) есепке алынады.
- Аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінiң әрбір операциялық кассасында аппараттық-бағдарламалық кешенде жеке жүргізіледі. Уәкілетті ұйым аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында көрсетілген аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша жасалған операциялар жөніндегі ақпаратты олар жасалған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы аппараттық-бағдарламалық кешенде сақтауды қамтамасыз етеді.
- Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын сомадағы операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында мыналар:
- клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты және әкесінің аты толық көрсетіледі);
- клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);
- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері – құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі;
- клиенттің заңды мекенжайы (мемлекеті, елді мекені, көшесі, үй нөмірі, пәтер нөмірі (бар болса) тіркеледі.
- Аффинирленген құйма алтынмен 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сомаға операциялар бойынша аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) (аты, әкесінің аты толық көрсетіледі) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) тіркеледі.
- Клиенттің заңды мекенжайын қоспағанда, клиенттің деректерін аффинирленген құйма алтынмен операцияларды есепке алу журналында тіркеу «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) және 11) тармақшаларында көзделген клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер негізінде жүзеге асырылады.»;
- 1, 2, 4-1, 7, 11, 12, 13, 14, 16-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адибаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- Заң департаментімен (Н.К. Косбаев) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.
- 4. Осы қаулы мына:
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, бір жүз алпыс төртінші, бір жүз алпыс бесінші, бір жүз алпыс алтыншы, бір жүз алпыс жетінші абзацтарын, осы қаулының 5-қосымшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 26 қыркүйек № 73

«Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 151, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 125 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 1223 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

1. «Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 151, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 125 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 1223 бірлескен қаулысы мен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21885 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы бірінші бөлігінің 20) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 10-2) тармақшасына, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-5-бабы екінші бөлігінің 18-1) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрі БҰЙЫРАДЫ.»;
 - көрсетілген бірлескен қаулылармен және бұйрықпен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі), «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу тәртібін, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан белгіленген шекті мөлшерлерден артық қолма-қол ақшаны алу шарттарын, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны нысанын, тізбесі мен ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, белгіленген шекті мөлшерден артық алу туралы мәліметтер мен ақпаратты мемлекеттік кіріс органына және уәкілетті органға ұсыну тәртібін айқындайды.»;
 - 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3. Кәсіпкерлік субъектілері банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19680 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына және банк операцияларының жеке-леген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – банктер) берілген банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімдер негізінде жүзеге асырады.»;
 - 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



- «6. Банк кәсіпкерлік субъектісі банктік шоттан қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімді берген күннен кейінгі жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден кешкітірілмейтін мерзімде мемлекеттік кірістер органына қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық түрде банктік шоттан қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттарды, мемлекеттік кірістер органына, оның ішінде осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарына сәйкес мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арасында мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасуды жүзеге асыру мақсаты үшін мәліметтерді және (немесе) құжаттарды беруге келісімін және банктік шоттан қолма-қол ақшаны алуға өтінім берген кәсіпкерлік субъектісінің сәйкестендіру нөмірі мен кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті өкілінің жеке сәйкестендіру нөмірі қамтылатын өтінімді жібереді.»;
 - қосымша осы бірлескен қаулылар мен бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (А.С. Адиев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы бірлескен қаулыларды және бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бірлескен қаулыларды және бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулылар және бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
 3. Осы бірлескен қаулылардың және бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Е.Е. Біржановқа, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.
 4. Осы бірлескен қаулылар және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қазанда № 33512 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 29 қыркүйек № 78

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 7-тармағына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулы мен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;





- 2) осы бірлескен қаулы мен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарына және Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бірлескен қаулы мен бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін:
- 1) Қағидалардың 2-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақшаның қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «1) банктік бақылаудың жеке карточкасы – уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) аумақтық филиалының экспорттаушының немесе импорттаушының репатриациялау талабын бұзу белгісінің болғаны туралы ақпараты;»;
 - 2) Қағидалардың 4-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «4. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының немесе импортының күні:
 - 1) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы өткізген кезде – тауарларға арналған декларацияда көрсетілген, тауардың экспорт немесе импорт ретінде сыртқы сауданың кедендік статистикасында есепке алынатын кеден рәсімі болып орналастырылғанын растайтын, тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратта Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі көрсетілген тауарларды шығару күні;
 - 2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағының ішінде өткізген кезде:
 - импорт үшін – тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген тауарды есепке қабылдаған күн;
 - экспорт үшін – шот-фактураның тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген күні;
 - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайларда:
 - тауарларды уақытша әкелу (әкету) туралы хабарламада көрсетілген күн немесе алыс-беріс шикізатын есепке алу күні;
 - қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы туралы есепте көрсетілген күн;
 - шет мемлекеттің тауарларына арналған декларацияда тауарлардың шығарылғанын, тауарлардың берілуін, жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы нақты өткізбестен немесе Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына (аумағынан) өткізбестен жасалғанын растайтын құжаттарға қол қойылған (қабылданған) күн;
 - нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактураның, инвойстың берілген күні немесе нақты орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін электрондық шот-фактураны жазып берген күн;
 - жұмыстардың орындалғанын, қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттарға қол қоюды (қабылдауды) және нақты орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактура, инвойс беруді көздейтін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні болып табылады.»;
 - 3) Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақшаның қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасында есепке алынатын кеден рәсімдерінің бірі болып орналастырылған, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратта Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі көрсетілген тауарлар болып табылады.»;
 - 4) Қағидалардың 6-тармағының бірінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «6. Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы), уәкілетті банк (оның филиалы) Қағидаларда көзделген ақпаратты берілетін деректердің жасырындылығын және теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалану арқылы және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық тәсілмен беруді жүзеге асырады. Уәкілетті



банктің (оның филиалының) ақпаратты қағаз тасымалдағышта (ақпаратты электрондық тәсілмен беру мүмкін болмаған кезде) беруіне рұқсат етіледі. Ұлттық Банктің Қағидаларда көзделген ақпаратты мемлекеттік кірістер органына беруі ақпаратты криптографиялық қорғаныш құралдарымен кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалану арқылы және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесінен шығарып алу арқылы электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.»;

- 5) Қағидалардың 22-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақшаның қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «3) Ұлттық Банкке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу туралы мәліметтерді көрсете отырып, Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.»;
- 6) Қағидалардың 24-тармағының екінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа есептік тіркеу банкіне Ұлттық Банкте бар мынадай:
- 1) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы;
- 2) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы;
- 3) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініштер бойынша ақпарат жібереді.»;
- 7) Қағидалардың 33-тармағының бірінші және екінші бөліктері тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктердің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «33. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк және есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты есептік нөмір берілген, есептік тіркеуден шығарылған, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны, жеке есепке алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысының қайта басталғаны, тауарлардың өткізілгені, жұмыстардың орындалғаны, қызметтердің көрсетілгені, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерінің қайта басталғаны жөнінде ақпарат беру туралы сұратуын алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жібереді.
- Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа бұрын жіберілген ақпаратты өзгертетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк, есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы құжаттарды қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді, оларға сәйкес осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.»;
- 8) Қағидалардың 34-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «34. Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын аумақтық филиалдан Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат пен 1, 2, 4, 5, 6, 10, 11, 17 және 18-бағандарда көрсетілген мәліметтерді Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органы репатриациялау талабын бақылау үшін ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен алады.»;
- 9) Қағидалардың 35-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «35. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Ұлттық Банкке Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты міндеттемелер орындалған жағдайда мынадай мерзімдерде:
- 1) есепті айда төлем карточкаларын пайдаланбай экспорттаушының немесе импорттаушының уәкілетті банктегі (оның филиалындағы) банктік шоттары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру жолымен – есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесіне) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде;





- 2) төлем карточкаларын пайдалана отырып және (немесе) өзге тәсілмен төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру арқылы –экспорттаушы немесе импорттаушы не валюталық шартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банк растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынған айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне (қоса алғанда) дейін мерзімде жібереді.
- Есеп айырысулардың вексельдік нысанын көздейтін есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша уәкілетті банк Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі ақпаратты Қағидалардың 68-тармағының бірінші бөлігіндегі 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жібереді.»;
- 10) Қағидалардың 36, 37, 38 және 39-тармақтары тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын
- «36. Мемлекеттік кірістер органы репатриациялау талаптарын бақылау үшін ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі ақпаратты алады.
- 37. Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі бөлінісінде Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейінгі мерзімде ай сайын жібереді.
- Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банктері болып табылатын уәкілетті банктерге және есептік тіркеу банктері болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына жібереді.
- 38. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі негізінде Ұлттық Банкке Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға электрондық сұратуды (бұдан әрі – электрондық сұрату) ақпараттық жүйе арқылы жібереді.
- Ұлттық Банк валюталық шарттың есептік нөмірі бойынша мәліметтерді қоспағанда, ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік кірістер органына есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан алынған электрондық сұратуды қайта жібереді.
- Мемлекеттік кірістер органы электрондық сұратуды алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке ақпараттық жүйе арқылы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпарат береді.
- Ұлттық Банк ақпараттық жүйе арқылы есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке немесе электрондық сұратуға бастамашылық жасаған есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша мемлекеттік кірістер органынан алынған ақпаратты осындай ақпаратты алған күні береді.
- Мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш бойынша бұрын мемлекеттік кірістер органы жіберген ақпарат бойынша мәліметтердің өзгеруі туралы ақпаратты, Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер мен толықтырулар жүргізілген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпаратты:
- жаңасына ауыстыруға байланысты кері қайтарып алу кезінде импортталған тауарлардың бағасы ұлғайған жағдайда өзгертілген және алдыңғы құн арасындағы айырманы көрсете отырып ұсыну кезінде – Еуразиялық экономикалық одақтың салық органдары тауарларды әкелу туралы өтінішті қабылдау туралы ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде;
- алып тастауға байланысты кері қайтарып алу кезінде – тауарларды әкелу туралы өтініштің мәртебесі өзгерген күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жібереді.
- Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта жібереді.
- 39. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің уәкілетті лауазымды адамы Қағидаларға сәйкес есептік нөмір беру талап етілетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарларға декларацияны ресімдеу кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы тауарларға арналған



декларацияда мәлімдеген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін Қағидалардың 34-тармағына сәйкес есепке алу нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша алынған ақпаратпен салыстырып тексереді.

- Экспорттаушы немесе импорттаушы нақты ақпаратпен сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларға арналған декларацияға тиісті түзетулер енгізеді.»;
- 11) Қағидалардың 42-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «42. Мемлекеттік кірістер органы репатриациялау талабын бақылау үшін ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау бойынша ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат алады.»;
- 12) Қағидалардың 45-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «45. Егер репатриацияның мерзімі аяқталса, ал экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезиденттің орындамаған міндеттемелерінің сомасы баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асса, есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде (репатриациялау мерзімі өткен ай) Ұлттық Банкке Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын жібереді.
- Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген банктік бақылаудың жеке карточкасын алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің Қағидалардың 46 – 50-тармақтарында көрсетілген іс-шараларды жүргізу мақсатында мемлекеттік кірістер органына ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесінен экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпаратты шығарып алып жібереді.
- Экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасау мерзімін бұзу фактісі бойынша есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұзушылық жөніндегі карточканы (бұдан әрі – бұзушылық жөніндегі карточка) Ұлттық Банкке жібереді.
- Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен, есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалынан Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылық жөніндегі карточканы алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты мемлекеттік кірістер органына ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесінен экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпаратты шығарып алып қайта жібереді.»;
- 13) Қағидалардың 47-тармағының бірінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «47. Мемлекеттік кірістер органы мен Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелеріндегі тауарларға арналған декларациялардан, тауарларды әкелу туралы өтініштерден алынған мәліметтерде алшақтықтардың болмау және (немесе) болу фактісі белгіленген кезде Қағидалардың 46-тармағында белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Ұлттық Банкке дәйекті деректерді жіберу қажеттілігі туралы мемлекеттік кірістер органын хабардар етеді.»;
- 14) Қағидалардың 48-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «48. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі көзделген экспорттаушы немесе импорттаушы жол берген валюталық заңнаманы бұзу белгілерінің бар-жоғын салыстырып тексеру жүргізгеннен және анықтағаннан кейін Ұлттық Банктен банктік бақылаудың жеке карточкасын және (немесе) Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты және (немесе) бұзушылық жөніндегі карточканы алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде экспорттаушыға немесе импорттаушыға ұсыну туралы сұратуды жібереді.»;
- 15) Қағидалардың 49-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:





- «49. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі қаралып отырған банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпаратты және (немесе) валюталық бақылау құжаттарын (олардың көшірмелерін), Қағидалардың 52-тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша ақпаратты немесе бұзушылық жөніндегі карточканы нақтылау қажет болған кезде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының), таратылатын уәкілетті банктің есептік тіркеу банкі немесе тарату комиссиясы болып табылатын Ұлттық Банктің филиалы мекенжайына жазбаша сұратуды жолдайды.»;
- 16) Қағидалардың 51-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «51. Мемлекеттік кірістер органы репатриациялау талабын бақылау үшін есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын валюталық бақылау нәтижелері туралы ақпаратты жібереді.»;
- 17) Қағидалардың 55-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «55. Мемлекеттік кірістер органы ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі ақпаратты мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктен алады.
- Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.»;
- 18) Қағидалардың 56-тармағының екінші және төртінші бөліктері тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктердің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Мемлекеттік кірістер органы ақпараттық қауіпсіздік рәсімдерін сақтай отырып, Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесінен шығарып алу жолымен Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі ақпаратты мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жібереді.»;
- «Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын аумақтық филиал мемлекеттік кірістер органының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың жеке есепте болуына байланысты рәсімді аяқтағаны туралы Ұлттық Банктен ақпарат алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 26-тармағының 16) тармақшасының негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алады және Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.»;
- 19) Қағидалардың 57-тармағының екінші және үшінші бөліктері тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктердің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы жеке есепке жатқызылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысы, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету қайта басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 52-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен көзделген негіз бойынша Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тиісті ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.
- Ұлттық Банк осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт жөніндегі ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жібереді.»;
- 20) Қағидалардың 60-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «60. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдері қайта басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.»;



- 21) Қағидалардың 62-тармағының үшінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Үшінші тұлғаның банкі резидент үшінші тұлға төлем және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты жібереді.»;
- 22) Қағидалардың 63-тармағы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы тармақтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «63. Жеке сот орындаушысының шотына қызмет көрсететін банк есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша атқарушылық құжаттар негізінде ақша аударымы жүзеге асырылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорттаушының немесе импорттаушының жазбаша келісімі негізінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты жібереді.»;
- 23) Қағидалардың 64-тармағының үшінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Экспорттаушыға немесе импорттаушыға қызмет көрсететін уәкілетті банктер (олардың филиалдары) талап ету құқығын басқаға беру сомасын немесе экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша және талап ету құқығын басқаға беру туралы шарт не борышты экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратқа аудару туралы шарт бойынша борыштың сомасын есепке алу нөмірі Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетеді.»;
- 24) Қағидалардың 70-тармағының төртінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі көзделген экспорттаушы немесе импорттаушы жол берген валюталық заңнаманы бұзушылықтарды есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) анықтаған кезде мұндай банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) Қағидалардың 45-тармағына сәйкес Ұлттық Банкке банктік бақылаудың жеке карточкасын, сондай-ақ бұзушылық жөніндегі карточканы жібереді.»;
- 25) Қағидалардың 73-тармағының үшінші бөлігі тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы бөліктің қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
- «Есептік тіркеу банкі экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан осындай шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы құжаттарды (олардың көшірмелерін) алғаннан кейін Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты осындай құжаттарды алған күннен кейін 3 (үш) ай ішінде жібереді.»¹⁰

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 5 қазанда № 33513 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 29 қыркүйек № 79

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементінің күші жойылды деп тану туралы

¹⁰ Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы





«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 2 қарашада № 33602 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 23 қазан № 84

«Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 және «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:
 - кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 28) тармақшасына, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;



- көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда;
 - мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:
 - «40-1. Эмитент өзі мен төлем карточкасын ұстаушы арасындағы шартта көзделген тәртіппен және тәсілмен үшінші тұлғаның пайдасына төлем карточкасын пайдалана отырып ақша аудару бойынша төлем қызметтерін көрсеткенге дейін оған:
 - 1) үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттеріне байланысты ықтимал тәуекелдер;
 - 2) үшінші тұлғалардың, оның ішінде өзін мемлекеттік, құқық қорғау органдарының немесе банктердің қызметкерлері ретінде таныстыратын адамдардың ықпалымен (өтініші бойынша) ақша аударымын жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер;
 - 3) ақша алушының бастамасы (шешімі бойынша) не сот шешімі бойынша операцияның күшін жою және ақшаны қайтару мүмкіндіктері туралы хабарлайды.»;
 - мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:
 - «43-1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар клиенттердің төлем карточкаларына микрокредиттер беруді жүзеге асыру кезінде қарыз алушының пайдасына микрокредит сомасын аударуды жүзеге асыру үшін шығарылған және соған арналған жеке арнайы корпоративтік төлем карточкасын (бұдан әрі – корпоративтік кредиттеу картасы) пайдалануды қамтамасыз етеді.
 - Эмитент микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым корпоративтік кредиттеу картасын пайдалана отырып, қарыз алушының пайдасына микрокредит сомасын аударуды жүзеге асыру кезінде ақша аударымын тағайындауда (мақсатында) осы қарыз алушыға берілген микрокредит туралы ақпаратты көрсетуді қамтамасыз етеді, эмитент осы эмитент шығарған төлем карточкасын ұстаушы болып табылатын қарыз алушыға берілген микрокредит сомасының оның банктік шотына түскені туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.».
2. «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында:
 - мынадай мазмұндағы 22-5-тармақпен толықтырылсын:
 - «22-5. Банк электрондық банктік қызметтерді ұсынған кезде санкцияланбаған төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына қарсы іс-қимыл процесін автоматтандыратын жүйені және (немесе) бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдаланады.».
3. Төлем жүйелері департаменті (Е.Т. Ашықбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.
5. 5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.





Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33720 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 қараша № 87

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы, мыналарды:
 - 1) 2023 жылғы 1 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 9-тармағының он алтыншы және он жетінші абзацтарын;
 - 2) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының бесінші, алтыншы, он екінші, он үшінші, он төртінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, Тізбенің 4-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, Тізбенің 5-тармағының екінші, үшінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, Тізбенің 6-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, отыз бесінші, қырқыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі¹¹.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



¹¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33719 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 қараша № 88

«Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық;
 - мынадай мазмұндағы 17, 18 және 19-тараулармен толықтырылсын:
 - «17-тарау. Негізгі құрал-жабдықтарды шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес есепке алу
 - 158. Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
 - негізгі құрал-жабдықтар келген кезде:

Дт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар
Кт	3310	Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек;

- негізгі құрал-жабдықтарды төлеген кезде:

Дт	3310	Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.

- 159. Негізгі құрал-жабдықтарды басқа негізгі құрал-жабдықтарға айырбастау жолымен сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
- егер қабылданған объектінің әділ құны берілген объектінің құнына тең болған жағдайда:

Дт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (қабылданған объект)
	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
Кт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (берілген объект);

- егер қабылданған объектінің әділ құны берілген объектінің құнынан жоғары болса:

Дт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (қабылданған объект)
	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары
Кт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (берілген объект)
	6210	Активтерді шығынға жазудан кірістер;

- егер қабылданған объектінің әділ құны берілген объектінің құнынан төмен болса:

Дт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (қабылданған объект)
	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
	7410	Активтерді шығынға жазу бойынша шығыстар
Кт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар (берілген объект)





	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.
	• 160. Негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизацияны есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:	
Дт	7490 01	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің амортизациясы бойынша шығыстар
Кт	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы.
	• 161. Объектінің немесе негізгі құрал-жабдықтар объектілері тобының құнсыздануы анықталған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:	
	• бастапқы құны бойынша есепке алу әдісін қолданған жағдайда:	
Дт	7420	Активтердің құнсыздануынан болған шығыстар
Кт	2430	Негізгі құрал-жабдықтар құнсыздануынан болған залал;
	• қайта бағаланған құн бойынша есепке алу әдісі қолданылған жағдайда объектінің немесе негізгі құрал-жабдықтар объектілері тобының құнсыздануы қайта бағалау бойынша бұрын есептелген резервті ескере отырып жүзеге асырылады:	
Дт	7420	Активтердің құнсыздануынан болған шығыстар
	5420	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві
Кт	2430	Негізгі құрал-жабдықтар құнсыздануынан болған залал.
	• 162. Негізгі құрал-жабдықтарға қайта бағаланған құн бойынша есепке алу әдісі қолданылған жағдайда, негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау мынадай бухгалтерлік жазбалармен жүзеге асырылады:	
	• оң қайта бағалау жағдайында:	
Дт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар
	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
Кт	5420	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві;
	• теріс қайта бағалау жағдайында:	
Дт	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
	5420	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві
	7420	Активтердің құнсыздануынан болған шығыстар
Кт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар.
	• 163. Негізгі құрал-жабдықтар объектілерін есептен шығару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:	
Дт	2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
	7410	Активтерді шығынға жазу бойынша шығыстар
Кт	2410	Негізгі құрал-жабдықтар.
	• 18-тарау. Қорларды сатып алу және сату кезінде шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес есепке алу	
	• 164. Қорларды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:	
	• қорлар келген кезде:	



Дт	1330	Тауарлар
Кт	3310	Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек;
• қорларды төлеген кезде:		
Дт	3310	Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.
• 165. Қорларды сату кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:		
• сатудан түскен табысты тану кезінде:		
Дт	1210	Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
Кт	6010	Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден кірістер;
• сатып алушылардан төлем алған кезде:		
Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары
Кт	1210	Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі;
• және бір мезгілде:		
Дт	7010	Өткізілген өнімдердің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны
Кт	1330	Тауарлар.
• 19-тарау. Жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеу жөніндегі операцияларды шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес есепке алу		
• 166. Қызметкерге есеп беруге ақша қаражаттарын беру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:		
Дт	1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.
• 167. Ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес дайындалған растайтын құжаттардың негізінде қызметкердің берешегін есептен шығару бойынша мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:		
Дт	7210	Әкімшілік шығыстар
Кт	1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі.
• 168. Ұйымның жалақысын есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:		
• жалақыны есептеу сомасына:		
Дт	7210	Әкімшілік шығыстар
Кт	3350	Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек;
• жалақыдан жеке табыс салығын ұстау сомасына:		
Дт		Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
Кт	3120	Жеке табыс салығы;
• міндетті зейнетақы аударымдарын жалақыдан ұстап қалу сомасына:		
Дт	3350	Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
Кт	3220	Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер;
• жалақыдан міндетті әлеуметтік аударымдарды есептеу сомасына:		





Дт	7220 01	Әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыстар
Кт	3150	Әлеуметтік салық (Міндетті әлеуметтік аударымдар);

• жалақыдан әлеуметтік салықты есептеу сомасына:

Дт	7220 01	Әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыстар
Кт	3150	Әлеуметтік салық.

• 169. Нақты жалақы төленген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	3350	Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.

• 170. Осы нұсқаулықтың 168-тармағына сәйкес ұсталған және есептелген салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу кезінде жалақы бойынша мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

• жеке табыс салығын төлеу сомасына:

Дт	3120	Жеке табыс салығы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары;

• әлеуметтік салықты төлеу сомасына:

Дт	3150	Әлеуметтік салық
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары;

• міндетті зейнетақы аударымдарын төлеу сомасына (әрбір қызметкер бойынша бөлгенде):

Дт	3220	Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары;

• міндетті зейнетақы аударымдарын төлеу сомасына (әрбір қызметкер бойынша бөлгенде):

Дт	3150	Әлеуметтік салық (Міндетті әлеуметтік аударымдар)
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны¹² Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



¹² «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына толықтырулар енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 8 желтоқсанда № 33744 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 қараша № 89

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17274 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қаржы секторының шолуын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықта:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда екінші деңгейдегі банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарынан, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарынан және ипотекалық ұйымдардан қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) түрінде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ұсыну тәртібі белгіленеді.»;
 - 4, 5 және 6 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым» деген ұғым «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәнінде қолданылады.
 - 5. Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының бейрезиденті ұғымдары «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде қолданылады.
 - 6. Қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мына мәліметтер:
 - Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер;
 - Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер;
 - Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер;





- Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер ұсынылады.»;
 - 26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «26. Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсанның соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.»;
 - Нұсқаулыққа 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 2-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2.** Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 3-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 4-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 6 желтоқсанда № 33731 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 27 қараша № 95

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21



қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21466 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген бірлескен қаулымен және бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларда:
 - 2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «3) бекет полицейі – Ұлттық Банктің және оның аумақтық филиалдарының, Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің (бұдан әрі – Өкілдік) ғимараттарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жауапты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалаларының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының (бұдан әрі – МКҚБ) полиция қызметкері;»;
 - 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7. Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Ұлттық Банктің, аумақтық филиалдардың, Өкілдіктің ғимараттарына әкелуге (алып өтуге) тыйым салынған не шектелген заттар және (немесе) бұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – Заттар және (немесе) бұйымдар тізбесі) көрсетілген заттарды және (немесе) бұйымдарды ғимараттарға әкелуге тыйым салынады. Заттар және (немесе) бұйымдар тізбесінде көрсетілген заттардың және (немесе) бұйымдардың әкелінуіне жол бермеу мақсатында бекет полицейі кіретін адамның келісімімен оны жеке тексеріп шығады. Жеке тексеріп шығуды тексерілетін адаммен бір жыныстағы бекет полицейлері жеке үй-жайда және тексерілетін адамның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмей, сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.
 - Заттар және (немесе) бұйымдар тізбесінің 8), 9), 10), 11), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген заттар Ұлттық Банк, аумақтық филиалдар, Өкілдік және ұйымдар қызметкерлерінің Қағидалардың 10-тармағында белгіленген тәртіппен ғимараттарға әкелуіне (алып өтуіне) рұқсат етіледі.
 - Ұлттық Банк, аумақтық филиалдар, Өкілдік және ұйымдар қызметкерлеріне тиесілі ноутбуктерді, планшеттерді әкелуді (әкетуді), көлікпен әкелуді (көлікпен әкетуді) бекет полицейі Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық техниканың қозғалысы журналында тіркейді.»;
 - 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «14. Аумақтық филиалдардың үй-жайлары мен олардың аумағы қолжетімділік бойынша үш кіру аймағына бөлінеді:
 - 1) бірінші кіру аймағы – кіру шектелмеген және Қағидалармен реттелетін ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар;
 - 2) екінші кіру аймағы – қойманы (сақтау орнын) қоспағанда, касса торабының үй-жайлары, жүктелген міндеттерді орындау үшін адамдардың белгілі бір тобына, сондай-ақ бір жолғы рұқсатнама бойынша немесе қызметкерлердің еріп жүруімен келушілерге кіруге рұқсат етілген қызметтік үй-жайлар;
 - 3) үшінші кіру аймағы – қойманың (сақтау орнының) үй-жайлары, құпия құжаттары, қару-жарағы бар үй-жайлар, жүктелген міндеттерді орындау үшін не аумақтық филиал басшысының не оның міндетін атқарушы адамның рұқсатымен және арнайы бөлінген қызметкердің еріп жүруімен біржолғы рұқсатнамалар бойынша адамдардың қатаң шектелген тобына кіруге рұқсат етілген өзге де қызметтік үй-жайлар.»;
 - 17-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекет полицейі келушілерді есепке алу журналында тіркей отырып, аумақтық филиалдың кассасына кассалық қызмет көрсету үшін жіберілетін келушінің жеке басын куәландыратын құжат не электрондық форматтағы цифрлық құжат бойынша жүзеге асырылады.
 - Қағаз тасымалдағыштағы біржолғы рұқсатнама негізінде рұқсат беруді қоспағанда, ғимараттарға кіру рұқсатын басқаруды бақылау жүйесіндегі (бұдан әрі – РББЖ) электрондық рұқсатнамаларды пайдалана отырып жүзеге асырылады.
 - Қағаз тасымалдағыштағы біржолғы рұқсатнама РББЖ болмаған, ол істен шыққан, электрондық уақытша (біржолғы) рұқсатнаманы беру кезінде пайдаланылатын электрондық карталар болмаған жағдайларда пайдаланылады.»;





- мынадай мазмұндағы 17-1 тармақпен толықтырылсын:
 - «17-1. Ұлттық Банк орталық аппаратының ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлеріне Ұлттық Банк филиалына аудиторлық тексеру жүргізу кезінде, сондай-ақ Ұлттық Банк орталық аппаратының қолма-қол ақша айналысы бөлімшесінің қызметкерлеріне Ұлттық Банк филиалына тексеру жүргізу және практикалық көмек көрсету кезінде Ұлттық Банк филиалының қоймасын (сақтау орнын) қоспағанда, Ұлттық Банк филиалының касса торабына кедергісіз кіруге рұқсат етіледі, Ұлттық Банк филиалының қоймасына (сақтау орнына) кіру рұқсаты Ұлттық Банк филиалының құндылықтарының сақталуына материалдық жауапкершілік жүктелетін Ұлттық Банк филиалы қызметкерінің ілесіп жүруімен мынадай құжаттар негізінде қол жеткізу жүзеге асырылады:
 - 1) Ұлттық Банк орталық аппаратының ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлеріне – аудиторлық тексеру жүргізуге тапсырмалар;
 - 2) Ұлттық Банк орталық аппаратының қолма-қол ақша айналысы бөлімшесінің қызметкерлеріне – Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тексеру жүргізуге және/немесе практикалық көмек көрсетуге тапсырмалар.»;
 - 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «18. Келушілерді электрондық уақытша (біржолғы) рұқсатнамалар, қағаз тасымалдағыштағы біржолғы рұқсатнамалар және келушілердің тізімдері бойынша келушілерге кассалық қызмет көрсетуді қоспағанда, ғимараттарға кіргізу жұмыс күндері Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін жүзеге асырылады, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін үзіліс.
 - Жұмыс уақытынан тыс кезде, демалыс немесе мереке күндері келушілерге ғимаратқа кіру рұқсатын берудің қызметтік қажеттілігі туындаған жағдайда, іс-шараны (кездесуді) ұйымдастыруға жауапты бөлімше қауіпсіздік бөлімшесіне немесе аумақтық филиалдың басшысына не оның міндетін атқаратын адамға келушілердің тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттардың нөмірлері мен берілген күнін және келу мен кету уақытын көрсете отырып өтінішхат жібереді.»;
 - 48-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4) материалдық және біржолғы рұқсатнамаларды жұмыс күнінің соңында Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.30-ға дейін рұқсатнамалар бюросына не аумақтық филиалдың уәкілетті қызметкеріне береді.»;
 - 4-қосымша осы бірлескен қаулыға және бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы бірлескен қаулыға және бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы бірлескен қаулыға және бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қауіпсіздік департаменті (Е.Ж. Мырзалин) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Н.Қ. Қосбаев) бірлесіп осы бірлескен қаулыны және бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бірлескен қаулыны және бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бірлескен қаулы және бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бірлескен қаулының¹³ және бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Күзет қызметін бақылау департаментіне жүктелсін.
4. Осы бірлескен қаулы және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ **интернет-ресурсында** орналасқан.



¹³ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 115 бірлескен қаулысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 679 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33847 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 97

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - 1-тармақта:
 - 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есептің нысаны;
 - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есептің нысаны;»;
 - 19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес нысаналы жинақтардың төлемдері және қайтарылуы туралы есептің нысаны;»;
 - мынадай мазмұндағы 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:
 - «20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес нысаналы талаптар туралы есептің нысаны;
 - 21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;
 - 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) ай сайын:
 - осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) кешіктірмей;
 - осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) тоқсан сайын:
 - осы қаулының 1-тармағының 8) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - осы қаулының 1-тармағының 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей;
 - 3) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 20) тармақшасында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуірінен кешіктірмей ұсынады.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 19-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда 20-қосымшамен толықтырылсын;
 - осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда 21-қосымшамен толықтырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;





- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33869 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 98

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - орыс тіліндегі тақырыбы өзгермейді, қазақ тіліндегі тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;
 - 4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4-1. Дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті электрондық форматта ұсынады.»;
 - 4-4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4-4. Ипотекалық ұйымдар осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген желтоқсан айы үшін (қорытынды айналымдар ескеріле отырып) қосымша есептерді (оның ішінде есепті айда қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 8-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 9-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 10-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



- 11-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 12-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 13-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
- 2.** «Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 219 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19712 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
- тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Пошта туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ»;
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Мыналар:
 - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесі;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептің нысаны;
 - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;
 - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Ұлттық пошта операторының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;
 - 1-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 2-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.»;
 - осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда 4-қосымшамен толықтырылсын.
- 3.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны¹⁴ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



¹⁴ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы





Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33849 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 99

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 24 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22322 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;
 - 1-тармақта:
 - 8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес «кері репо», репо операциялары туралы есептің нысаны;»;
 - 15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің нысаны;»;
 - 1-қосымшада:
 - 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7) «кері репо», репо операциялары туралы есеп;»;
 - 14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «14) сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есеп;»;
 - 2-қосымшаның Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - атауы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме»;
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Ақша және банктік салымдар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқында лады.
2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді:»
 - 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 5 және 6-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. Рейтингтік агенттік болмаған кезде 5 және 6-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі.»;
 - 3-қосымшаның Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - атауы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме»;
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Бағалы қағаздар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқында лады.



- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «5. 4-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) көрсетіледі.
- 6. 8-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін, оны шығару кезінде айқындалған облигацияның номиналдық/сатып алу құнының ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуге жататын сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасымен көрсетіледі. Акциялар бойынша акцияларды сатып алу валютасымен сатып алу құны көрсетіледі.
- 7. 9-бағанда «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес валюта кодтары көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығарылым валютасы, акциялар бойынша сатып алу валютасы көрсетіледі.
- 8. 10-бағанда сату үшін қолда бар, есепті күні үлестік бағалы қағаздарды сатып алу құны, борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі.
- 9. 15-бағанда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, есепті күні үлестік бағалы қағаздарды сатып алу құны, борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі.
- 10. 19-бағанда өтелгенге дейін ұсталатын, есепті күні үлестік бағалы қағаздардың сатып алу құны, борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі.
- 11. 23-бағанда ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың баланстық құны көрсетіледі.
- 12. 24-бағанда репо шарттарымен ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың баланстық құны көрсетіледі.
- 13. 27-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғаларының акциялары бойынша халықаралық қор биржасының атауы көрсетіледі.
- 14. 28 және 29-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі, оған қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда белгіленген. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 28 және 29-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.
- 15. 30, 31, 32 және 33-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 30, 31, 32 және 33-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.»;
- 4-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 1-кесте бойынша:
- 1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі;
- 2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;
- 3) 5-бағанда типін көрсетумен сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі;
- 4) 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;





- 5) 10 және 12-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
- 6) 13-бағанда мәміленің жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, СВИФТ (SWIFT) ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен мың теңгемен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Бағалы қағазды (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) шетел валютасымен сатып алған кезде осы сома мәмілені жасасқан күні қалыптасқан валютаны айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі;
- 7) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;
- 8) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі;
- 9) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссияларды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қоса, сатып алумен тікелей байланысты шығысты қоса алғанда және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың шамасына азайтылған (мұндай бар болса) қаржы құралдарының сатып алу құны көрсетіледі;
- 10) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;
- 11) 21-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;
- 12) 22, 23, 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (бұдан әрі – № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 22, 23, 24 және 25-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды;
- 13) 26 және 27-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 26 және 27-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 26-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты жазылады;
- 14) 28-бағанда Нысанды беру күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі;
- 15) 29 және 30-бағандарда бағалы қағаздың «басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есептелетін», «пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін» немесе «амортизацияланған құны бойынша есептелетін» санаты және осы санатқа жатқызу күні көрсетіледі;
- 16) кестеде зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар көрсетілмейді.
- 7. 2-кесте бойынша:
 - 1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі;
 - 2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;
 - 3) 5-бағанда типі көрсетіле отырып, «кері репо» операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі;
- 4) 8 және 9-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
- 5) 10 және 12-бағандарда «кері репо» операциясының жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен мың теңгемен көрсетіледі;
- 6) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі;
- 7) 18 және 19-бағандарды толтыру кезінде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 18 және 19-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 18-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтинг жазылады;
- 8) 20 және 21-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 20 және 21-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы



қағаздары бойынша толтырылмайды. 20-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі санаты жазылады;

- 9) кестеде «кері репо» операциялары бойынша зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар көрсетілмейді.
- 8. 3-кесте бойынша:
 - 1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі;
 - 2) 3-бағанда банктің атауы көрсетіледі;
 - 3) 4 және 5-бағандарды толтыру кезінде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген екінші деңгейдегі банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 4 және 5-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;
 - 4) 6-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
 - 5) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым мерзімі ұзартылған кезде, мерзімі ұзарту уақыты ескеріле отырып жазылады;
 - 6) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақының кезеңділігі мен төлеу күні банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;
 - 7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құны көрсетіледі;
 - 8) кесте әрбір банк және әрбір салым валютасы бойынша жеке-жеке салым сомасы көрсетіле отырып толтырылады;
 - 9) кестеде зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар көрсетілмейді.»;
- 5-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушының инвестицияларға қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 1-кесте бойынша:
 - 1) 6-бағанда мәміленің түрі (сатып алу, сату, өтеу, купонды өтеу, дивидендтер төлеу, «кері репо» операциясы – ашу (жабу) және басқалары) көрсетіледі;
 - 2) 7-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған не мәміле ұйымдастырылмаған нарықта жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушы көрсетіледі;
 - 3) 8-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі. Мәміле халықаралық нарықта жасалған кезде РЕЙТЕР (REUTERS) сыныптауышы бойынша сауда кодтары пайдаланылады;
 - «4) 11 және 14-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
 - 5) 15-бағанда мәміленің жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, СВИФТ (SWIFT) ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі бойынша алынған растамада) көрсетілген бағасы теңгемен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақы ескеріле отырып, номиналдық құнына пайызбен, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Мәміле (борыштық бағалы қағаздармен мәмілелерді қоспағанда) бойынша есеп айырысуды шетел валютасында жүзеге асырған кезде, аталған сома мәміле бойынша есеп айырысу күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі;
 - 6) 16 және 17-бағандарда Блумберг (Bloomberg) не РЕЙТЕР (REUTERS) ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша осы қаржы құралы айналыста болатын халықаралық (шетелдік) қор биржаларында жасалған акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сатып алу (сату) жөніндегі мәмілелер бойынша бағалар теңгемен көрсетіледі;
 - 7) 19-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілік (облигациямен мәміле бойынша – иеліктен шығару немесе сатып алу нәтижесінде қалыптасқан кірістілік; репо және «кері репо» операциялары бойынша – репо мәмілесін жасау нәтижесінде қалыптасқан кірістілік) жылдық пайызбен көрсетіледі;
 - 8) 20-бағанда мәмілені орындауға байланысты шығысты шегергендегі мәміле көлемі үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;
 - 9) 21, 22 және 23-бағандар халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша толтырылады.
 - 6. 2-кесте бойынша:





- 1) 3-бағанда салым енгізілген кезде клиенттің банктік шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі банктік шотқа ақша аудару күні не мерзімінен бұрын қайтару күні немесе шарт бұзылған кезде – клиенттің банктік шотына ақшаны қайтару күні көрсетіледі;
- 2) 5-бағанда салым бойынша операциялар (салымға ақша енгізу, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банктік салым шартының мерзімі өткеннен кейін салымды қайтару) көрсетіледі;
- 3) 11-бағанда сомасы салым бойынша операцияның қорытындысы бойынша есептелген сыйақы ескеріле отырып, үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.
- 7. 3-кесте бойынша:
 - 1) 3-бағанда мәміле жасалған күн (trade date) көрсетіледі;
 - 2) 6-бағанда мәміле түрі (сатып алу, сату) көрсетіледі;
 - 3) 7-бағанда металл шоттың түрі (аллокирленген металл шот немесе аллокирленбеген металл шот) көрсетіле отырып, аффинирленген бағалы металл түрлерінің атауы көрсетіледі;
 - 4) 9-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.»;
- 6-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушының инвестицияларға, туынды қаржы құралдарына қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 7-бағанда туынды қаржы құралының түрі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа да туынды қаржы құралдары) көрсетіледі.
 - 6. 8-бағанда егер бағалы қағаз туынды қаржы құралының тек базалық активі болып табылса, бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
 - 7. 9-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы және «қор биржасының атауы» форматында оның резиденттік елі не мәміленің «ұйымдастырылмаған нарық» форматында қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі.
 - 8. 10 және 11-бағандарда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валютасы, сыйақы мөлшерлемесі, тауар және өзге де базалық активтер) және базалық актив (рейтинг) (рейтингтік агенттік)» форматында рейтингтік агенттік берген мәміле жасалған күні базалық активтің рейтингі көрсетіледі. Базалық активте рейтинг болмаған кезде, базалық актив және рейтингі жоқ деген ақпарат көрсетіледі.
 - 9. 12 және 13-бағандарда, егер мәміле қор биржасында жасалмаған кезде контрагент, оның резиденттік елі, сондай-ақ «контрагент/елі/рейтингі (рейтингтік агенттік)» форматында мәміле жасалған күні осы контрагентке берілген рейтинг көрсетіледі. Контрагентте рейтинг болмаған кезде рейтинг жоқ деген ақпарат көрсетіледі.
 - 10. 14-бағанда мәміленің түрі (сатып алу, сату және басқалары) көрсетіледі.
 - 11. 19, 20, 21 және 22-бағандар бойынша хеджирлеу объектісінің деректемелері мәміле хеджирлеу мақсатында жасалған кезде ғана толтырылады. Егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалмаған болса, онда бұл бағандар толтырылмайды.
 - 12. 25-бағанда бар болса, вариациялық маржа – биржа есептейтін және мерзімдік келісімшарттың баға белгілеуінің өзгеруін ескеретін сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелері өзгеруінің ақшалай көрінісі көрсетіледі.
 - 13. 26-бағанда бар болса, бастапқы маржа – биржа анықтайтын, клиент әрбір ашық позицияға енгізуі тиіс базалық активтің жиынтық нарықтық құнының үлесі көрсетіледі.
 - 14. 27-бағанда T+0 немесе T+n форматындағы сауда-саттық режимі көрсетіледі не биржа қағидаларында көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады.»;
 - 7-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушының үлестес тұлғалармен инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;



- 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 3-бағанда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы заң) 64-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлға деп танылатын белгі көрсетіледі.
- 7. 5-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған шетелдік қор биржасының атауы және «ұйымдастырылмаған нарық/шетелдік қор биржасының атауы/оның резиденттік елі» форматында оның резиденттік елі не мәміле «ұйымдастырылмаған нарықта» жасалғаны көрсетіледі.
- 8. 6-бағанда мәміленің түрі (сатып алу, сату, репо ашу және жабу операциялары, банктік салым шартын жасасу және өзге де мәмілелер) көрсетіледі. Репо операциялары бойынша репо операцияларының түрі де: тікелей немесе «кері репо» деп көрсетіледі. Қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша 16-бағанда мәміле жасасу әдісі көрсетіледі.
- 9. 7-бағанда егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болған кезде ғана (брокер мүддесінде әрекет еткен тұлғаны көрсете отырып) «В» символы және егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде болған кезде ғана «D» символы пайдаланылады. Банктік салым шарты жасалған кезде банктік шот ашылған банктің атауы көрсетіледі.
- 10. 8-бағанда контрәріптес клиенттердің активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға қатысты АҚ туралы заңның 64-бабына сәйкес үлестес тұлға болып танылатын белгі көрсетіледі.
- 11. 10, 11 және 12-бағандар сатып алу, сату, өтеу бойынша мәмілелер, «кері репо» – ашу (жабу) операциялары үшін толтырылады.
- 12. 14-бағанда сома жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, мәмілені орындауға байланысты шығыстарды (сатып алу, сату, өтеу, «кері репо» операциясы – ашу (жабу) және басқалары) есепке алмастан, мың теңгемен көрсетіледі.»;
- 8-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 9-қосымшаның Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - атауы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме»;
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 6, 7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «6. 5 және 6-бағандарда сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру сыйлықақылары бөліктерінің сомалары көрсетіледі.
 - 7. 9-бағанда пай (шартты бірлік) ұстаушысы сақтанушы болып табылатын инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі.
 - 8. 10-бағанда пай (шартты бірлік) ұстаушысы сақтанушы болып табылатын инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) инвестициялық портфель басқарушысының атауы көрсетіледі. Инвестициялық портфельді басқарушыны тартқан кезде, инвестициялық қордың немесе инвестициялық портфельдің атауымен қатар оның инвестициялық портфельді басқарушысының атауы көрсетіледі.
 - 9. 13-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша пай ұстаушысы сақтанушы болып табылатын инвестициялық қордың бір пайының немесе сақтанушының активтері қаржы құралдарына инвестицияланған инвестициялық портфельдің бір шартты бірлігінің құны көрсетіледі.»;
- 10-қосымшаның Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - атауы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме»;
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі.
 - 6. 4-бағанда акцияларды сатып алу күніндегі сатып алу құны көрсетіледі.
 - 7. 6-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген инвестициялардың құны көрсетіледі.»;





- 11-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «7. 2-бағанда сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру шарттары бойынша берешегі бар қайта сақтандырушылардың, сақтандыру агенттерінің, сақтандыру брокерлерінің (делдалдардың), қайта сақтанушылардың (цеденттердің) және сақтанушылардың атауы көрсетіледі.»;
- 12-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «5. 2-бағанда инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы ақпарат көрсетіледі.»;
- 13-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 14-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 15-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 16-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 17-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 18-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 19-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 20-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қайта сақтандыру қызметі туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 2-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының толық атауы (аббревиатураларды және қысқартуларды қолданусыз) көрсетіледі.
- 7. 3 және 8-бағандарда толық атауы (аббревиатураларды және қысқартуларды қолданусыз) көрсетіледі.
- 8. 4-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 4-бағанда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі.
- 9. 11-бағанда шетел валютасы түрінің атауы көрсетіледі.
- 10. 12-бағанда міндеттемелер көлемі есепті кезеңнің басынан бастап жасалған қайта сақтандыру шарттары бойынша көрсетіледі.
- 11. 13-бағанның «Резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттеріне қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасы аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша міндеттемелер көлемінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер көлемі бойынша есептің 9-бағанының жиынтық сомасына сәйкес келеді.
- 12. 13-бағанның «Бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасы аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша міндеттемелер көлемінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер көлемі бойынша есептің 10-бағанының жиынтық сомасына сәйкес келеді.



- 13. 13-бағанда қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген міндеттемелердің жиынтық сомасы аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша міндеттемелер көлемінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер көлемі бойынша есептің 9 және 10-бағандарының сомасына сәйкес келеді.
- 14. 14-бағанның «Резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің 14-бағанының жиынтық сомасына сәйкес келеді.
- 15. 14-бағанның «Бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары» жолы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің 15-бағанының жиынтық сомасына сәйкес келеді.
- 16. 14-бағанда қайта сақтандыру ұйымына берілген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің 13-бағанының жиынтық сомасына сәйкес келеді.
- 17. 15-бағанда есепті кезеңнің басынан басталатын кезеңде қайта сақтандыру ұйымына берілген шетел валютасындағы сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.
- 18. 17-бағанда қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған, тәуекелдер бойынша өтемақы туралы деректер көрсетіледі.
- 19. 19-бағанда қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы көрсетіледі.
- 20. 22-бағанда сақтандыру сыныбының атауы көрсетіледі. Егер бір қайта сақтандыру ұйымына әртүрлі сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақылары берілген болса, сақтандыру сыныптарының тізбесі бір жолда көрсетіледі.;
- 21-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жөніндегі ақпарат туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 22-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 23-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Баланстан тыс шоттар бойынша қалдықтар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. 2-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген, «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына сәйкес баланстан тыс шоттардың атауы көрсетіледі.





- 6-бағанда баланстан тыс шоттар бойынша есепті кезеңнің соңындағы жиынтық сома көрсетіледі.
- 7-бағанда баланстан тыс шоттар бойынша ағымдағы жылдың басындағы жиынтық сома көрсетіледі.»;
- 24-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 2-бағанда сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарында көзделген атауға сәйкес толығымен көрсетіледі.»;
- 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «8. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-бағандарда көрсетілген сақтандыру шарты бойынша ақпарат әрбір жолда көрсетілуге тиіс.»;
- 25-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Шығындар бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «5. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-бағандарда көрсетілген сақтандыру шарты бойынша ақпарат әрбір жолда көрсетілуге тиіс.
- 6. 2-бағанда сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарында көзделген атауға сәйкес толығымен көрсетіледі.
- 7. Сақтандыру төлемдерін төлеуден бас тарту түрінде реттелген шығындар бойынша ақпарат есепті күнге дейінгі соңғы 12 (он екі) ай үшін көрсетіледі.
- 8. «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19 және 23-баптарына сәйкес жасалған аннуитет шарттары бойынша пайда алушының еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін ұзартуға (қайта қуәландыруға), денсаулығының нашарлауына байланысты мәлімделген шығындар бойынша 14-бағандағы күн жұмыста мертігу салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күніне сәйкес немесе кәсіптік ауруының анықталуы салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды берген күніне сәйкес көрсетіледі.
- 9. 16-бағандағы ақпарат қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша толтырылады.
- 10. 18-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес өтелетін тәуекелдің атауы көрсетіледі.
- 11. 23-бағанда құжаттардың қайсысының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ертерек келіп түсетініне байланысты сотқа шақыру қағазын (хабарлама) және (немесе) шағым-талап алған күн туралы ақпарат көрсетіледі.
- 12. 25-бағанда сот шешімінің және оның заңды күшіне енген немесе оның күші жойылған күндер туралы ақпарат әрбір күннің жанына тиісті ақпаратты көрсете отырып, хронология түрінде көрсетіледі»;
- 26-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Сақтандыру төлемдерін есепке алу бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:



- «7. 2-бағанда сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарында көзделген атауға сәйкес толығымен көрсетіледі.
- 8. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-бағандарда көрсетілген сақтандыру шарты бойынша ақпарат әрбір жолда көрсетілуге тиіс.
- 9. ЖОМС заңының 19 және 23-баптарына сәйкес жасалған аннуитет шарттары бойынша пайда алушының еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға), денсаулығының нашарлауына байланысты жүзеге асырылған төлемдер бойынша 16-бағандағы ақпарат жұмыста мертігу салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күніне сәйкес немесе кәсіптік ауруының анықталуы салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде – кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды берген күніне сәйкес көрсетіледі.
- 10. 9 және 18-бағандардағы ақпарат қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша толтырылады.»
- 27-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
 - 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7. 2-бағандағы сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында көзделген атауға және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарына сәйкес толық көрсетіледі.
 - 8. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарда көрсетілген сақтандыру шарты бойынша ақпарат әр жолда көрсетілуі тиіс.»
 - 28-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттары және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлері бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
 - 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8. 2-бағандағы сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында көзделген атауға және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарына сәйкес толық көрсетіледі.»
 - 29-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шеңберінде жасалған қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
 - 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «7. 19-бағанда ағымдағы жылғы индекстелуі ескеріле отырып, аннуитет шартында есептелген мерзімді аннуитеттік төлемнің мөлшері көрсетіледі.»
 - 30-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі





- Заң) 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «6. 2-бағандағы сақтандыру сыныбының атауы Заңның 6-бабында көзделген атауға және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңдарына сәйкес толық көрсетіледі.»;
 - 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «9. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-бағандарда көрсетілген сақтандыру шарты бойынша ақпарат әрбір жолда көрсетілуі тиіс.»;
 - 31-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Болжамды төлемдер құны бойынша есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «6. 5-баған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы қайта сақтандырушы ретінде болған кезде ғана толтырылуы тиіс.
 - 7. 29-бағанда егер зардап шегушінің өзінің өрескел абайсыздығы шығынның туындауына немесе ұлғаюына себеп болған болса, жұмыс беруші кінәсінің дәрежесі көрсетіледі.
 - 8. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандырушы бойынша ақпарат 31, 32 және 33-бағандарда жеке жолда көрсетіледі, бұл ретте 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-бағандарда көрсетілген ақпарат әрбір жолда көрсетілуі тиіс.
 - 9. 14-бағандағы ақпарат жұмыста мертігу салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға болған күніне сәйкес немесе кәсіптік ауруының анықталуы салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде, кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды берген күніне сәйкес көрсетіледі.
 - 10. 18-бағанда есеп күні кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айырылудың мерзімін ұзарту саны (ондай ақпарат бар болса) көрсетіледі.»;
 - 32-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «9. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резервінің кестесінде:
 - «Кезеңдер бойынша шығын резерві» бағанында – тиісті кезеңдердегі шығын резервінің мәні;
 - «Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын» бағанында – тиісті кезеңдердегі мәлімделген шығын сомасы;
 - «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында – тиісті кезеңдегі «Кезеңдер бойынша шығын резерві» және «Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын» бағандары арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Теріс айырмашылық болған кезде «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады;
 - егер есеп төлемдерге негізделсе, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын сомасы, егер есеп келтірілген шығынға негізделсе, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – кезеңдер бойынша шығын резервінің сомасы болады.»;
 - 33-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының



- 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8. Егер орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінде есеп төлемдерге негізделсе, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын сомасы, егер есеп келтірілген шығынға негізделсе, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – бұл орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің 1-бағанында көрсетілген кезеңдер бойынша шығын резервінің сомасы.
 - 9. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында тиісті кезеңдегі «Кезеңдер бойынша шығын резерві» және «Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын» бағандары арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Теріс айырмашылық болған кезде «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады.»;
 - 34-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхьютер-Фергюсон әдісімен есептеу туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
 - 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «8. Шығындылық коэффициентін есептеу кестесінде:
 - «Келтірілген шығын» бағанында сақтандыру жағдайлары басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығынды реттеу шығысын қоса алғанда, есепті күнгі жағдай бойынша келтірілген шығынның мәндері көрсетіледі;
 - «Еңбек сіңірілген сыйлықақылар» бағанында сақтандыру жағдайлары басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілген сыйлықақы көрсетіледі.
 - 9. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінде:
 - «Еңбек сіңірілген сыйлықақылар» бағанында – сақтандыру ұйымының тиісті кезеңіндегі еңбек сіңірілген сыйлықақысы;
 - «U шығындылық коэффициенті» бағанында – осы Нысанның полистері бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кестесіне сәйкес полистер бойынша шығындылық коэффициенттерінің орташа мәнінен кем емес мәлшерді құрайтын шығындылық коэффициентінің мәні;
 - «Кешігу факторлары $h(j)$ » бағанында – осы Нысанның коэффициенттер кестесінде көрсетілген $h(j)$ кешігу факторларының мәні;
 - егер Борнхьютер-Фергюсон әдісінің есептеуі төлемдерге негізделген болса, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын сомасы (осы Нысанның орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің 7-бағаны), егер есептеу келтірілген шығынға негізделген болса, онда орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві – орын алған, бірақ есепті күні төленбеген шығын (осы Нысанның орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резерві кестесінің 5-бағаны);
 - «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында – тиісті кезеңдегі « $R(i)$ орын алған, бірақ есепті күні төленбеген шығын» және «Мәлімделген, бірақ есепті күні реттелмеген шығын» бағандары арасындағы айырма көрсетіледі. «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын» бағанында теріс айырма болған кезде, 0 (нөл) мәні қабылданады.
 - 10. Қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығын резервін есептегенде:
 - «Еңбек сіңірілген сыйлықақылар» бағанында тиісті кезеңіндегі қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, еңбек сіңірілген сыйлықақының мәні көрсетіледі.»;
 - «Кешігу факторлары $h(j)$ » бағанында қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, осы Нысанның Коэффициенттер кестесінде көрсетілген $h(j)$ кешігу факторларының мәні көрсетіледі.»;
 - 35-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
 - 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы түсіндірмеде «Экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін сыныптау туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
 - 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;





- 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «8. 3-бағанда сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы, сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің 30-бағанында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзуға байланысты шығысты шегергенде, сақтандыру сыйлықақылары мен мемлекеттің сыйлықақысы туралы есептің 4-бағанында көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына сәйкес келеді.
- 9. 4-бағандағы сақтандыру төлемдерінің жиынтық сомасы сақтандыру төлемдері туралы есепті қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергендегі сақтандыру төлемдерінің сомасына сәйкес болады.»
- 36-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 37-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Сақтанушыларға берілген қарыздар туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
- 38-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 2-тармағына, 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «6. 6-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7525 болып тіркелген «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 74 қаулысы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тіркелмеген сыйақыны төлемеу фактілерінің болуы көрсетіледі.»
- 39-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қатысуымен жасалған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
- 40-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің филиалдарымен жасалған қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокері филиалының сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыруына орналастыру талаптары туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»
- 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



- «6. Қайта сақтандыру шарты бойынша (ковер-нот) екі және одан көп қайта сақтандырушылар болған кезде, 6-бағанда барлық қайта сақтандырушылар көрсетіледі, 2, 3, 4, 5, 10, 11 және 12-бағандарда қайта сақтандыру шарттары бойынша ақпарат әрбір жолда қайталанады.»;
- 41-қосымшамен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларында:
- атауы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының есептілікті ұсыну қағидалары»;
- 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының есептілікті ұсыну қағидалары «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – Филиалдар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну тәртібі айқындалады.»;
- 2. «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22330 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ!»;
- 2-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 3-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 4-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 5-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 6-қосымшаның Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде:
- 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «1. Осы түсіндірмеде «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының өтімділігі жоғары активтері туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.
- 2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабы-





- ның 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;
- 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «9. 3-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша баланстық құны көрсетіледі.»;
 - 7-қосымшамен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидаларының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 46-бабының 12-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – Филиалдар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну тәртібі айқындалады.».
- 3.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33863 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 100

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жеке-леген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**



1. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18220 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 1-тармағына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ!»;
 - 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
 - 1) осы қаулының 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген есептерді деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;
 - 2) осы қаулының 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген есептерді – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.»;
 - 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 6-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - 7-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 4 қаңтарда № 33881 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 101

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы





Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:
 - 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1. Осы Қағидалар «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – Қор) сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.»;
 - 26-2, 26-3 және 26-4-тармақтар алып тасталсын;
 - 36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «36. АҚШ қазынашылығының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарының кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс (ICE BofA US Treasury Bill Index) тұрақтандыру портфелінің эталондық портфелі болып табылады.
 - Ұлттық Банк тұрақтандыру портфелінің кірістілік пен тәуекел көрсеткіштерін күн сайын есептейді.»;
 - мынадай мазмұндағы 44-3-тармақпен толықтырылсын:
 - «44-3. Жинақ портфелін басқару тиімділігін бағалау ұзақ мерзімді перспективада сырғымалы бағалау әдісімен (rolling window) 5 (бес), 10 (он) жылдық мерзімдегі кезеңдерде және жинақ портфелін басқару басталғаннан бері жүргізіледі.»;
 - 46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «46. Жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлу осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес айқындалады.
 - Жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге кері қайту күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.
 - Әрбір есепті жылдың қорытындысы бойынша активтердің кез келген сыныбы есепті жылдан кейінгі жылдың алғашқы 2 (екі) айында (қаңтар және ақпан) 3 (үш) пайызға ауытқыған жағдайда, активтер сыныбының үлесі есепті жылдан кейінгі жылғы бірінші тоқсанның соңына дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге дейін жеткізіледі.»;
 - 1-1-параграф алып тасталсын;
 - 48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «48. Дамыған елдердің өтімділігі жоғары мемлекеттік облигацияларының кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын композиттік индекс (ICE BofA Global Government Index) дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.
 - Дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының композиттік индексіне эталондық бөлуге кері қайту күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.
 - Дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының композиттік индексіндегі бағалы қағаздардың құрамы ай сайын өзгеріп отырады.
 - Ұлттық Банк дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің кірістілік пен тәуекел көрсеткіштерін күн сайын есептейді.»;
 - 51-2 және 51-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «51-2. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі:
 - 1) дамушы нарықтардың мемлекеттік облигацияларының кең индексіне (ICE BofA US Emerging Markets External Sovereign Index, ICE BofA Emerging Markets Corporate Plus Index, ICE BofA US Emerging Markets External Debt Sovereign & Corporate Plus Index) кіретін бағалы қағаздардан тұратын эталондық портфельді қолдана отырып, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінен тұрады.
 - Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін эталондық портфелінде экспорттағы мұнай үлесі 80 (сексен) пайыздан асатын елдердің облигациялары қамтылмайды;
 - 2) көлемі жинақ портфелінің 1 (бір) пайызынан аспайтын эталондық портфельді қолданбай, Қытай юаніндегі портфельден тұрады.
 - 51-3. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін мынадай талаптар қолданылады:



- 1) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді.
- Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің бағалы қағаздары үшін 2 (екі) және одан да көп кредиттік рейтинг болған кезде ең төменгі кредиттік рейтинг олардың ең төменгісі ретінде айқындалады.
- Егер бағалы қағаз бойынша кредиттік рейтингтің мәні ең төменгі кредиттік рейтингтен төмен түссе, Ұлттық Банк нарықтың ағымдағы конъюктурасын ескере отырып, бағалы қағаз бойынша ең төмен кредиттік рейтингтің мәні төмендеген күннен бастап 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде осы бағалы қағаз бойынша позицияны жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- 2) осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес жеке басқарушының дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелін секторлық бөлу.»;
- 51-10 және 51-11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «51-10. Корпоративтік облигациялардың кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс (ICE BofA Global Corporate & High Yield Index) корпоративтік облигациялар портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.
- Корпоративтік облигациялар портфелі үшін эталондық портфельде парниктік газдар шығарындыларының деңгейі жоғары компаниялар, көмір өндіруші компаниялар және темекі өнімдерін өндірушілер шығаратын бағалы қағаздар қамтылмайды.
- 51-11. Корпоративтік облигациялар портфелінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді.
- Корпоративтік облигациялар портфелінің бағалы қағаздары үшін 2 (екі) және одан да көп кредиттік рейтинг болған кезде ең төменгі кредиттік рейтинг олардың ең азы ретінде айқындалады.
- BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар портфеліндегі бағалы қағаздардың үлесі корпоративтік облигациялардың эталондық портфеліндегі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздардың үлесінен 1 (бір) пайыздан артық аспайды.
- Егер бағалы қағаз бойынша кредиттік рейтингтің мәні ең төмен кредиттік рейтингтен төмендейтін болса, Ұлттық Банк нарықтың ағымдағы конъюктурасын ескере отырып, бірақ бағалы қағаз бойынша ең төмен кредиттік рейтингтің мәні төмендеген күннен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде осы бағалы қағаз бойынша позицияны жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.»;
- 52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «52. Жаһандық акциялар нарығының кең индексіне (MSCI World Index) кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс акциялар портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.
- Пассивті басқарудағы акциялар портфелі үшін эталондық портфель MSCI World ESG Index құрамына кіретін бағалы қағаздардан тұратын индексті қамтиды.
- Салықтарды есепке алмағанда дивидендтерді қайта инвестициялау ескерілген индекстің кірістілігі күн сайын есептелетін акциялар портфелі үшін эталондық портфель кірістілігінің көрсеткіші болып табылады.»;
- 56-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «56-1. АҚШ долларымен өлшенетін, 80 (сексен) пайызы MSCI ACWI IMI Net Total Return USD Index индексінен және 20 (жиырма) пайызы Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексінен тұратын композиттік индекстің кірістілігі (портфель референсі) балама құралдар портфелі кірістілігінің нысаналы деңгейі болып табылады.
- Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген композиттік индексте (портфель референсі) эталондық бөлуге керу қайту күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады. Бұл ретте 5 (бес), 10 (он) және 15 (он бес) жыл мерзімдегі кезеңдер үшін сырғымалы бағалау (rolling window) әдісімен есептелетін US Consumer Price Index (CPI YOY) + 3 (үш) пайыздық мәні балама құралдар портфелі үшін ұзақ мерзімді кірістіліктің ең төменгі деңгейі болып табылады.»;
- 56-3, 56-4 және 56-5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «56-3. «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Корпорация) балама құралдар портфелін сыртқы басқаруды жүзеге асырады.
- 56-4. Балама құралдар портфеліндегі инвестициялар осы Қағидаларда белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады. Балама құралдар портфелін активтер сыныптары бойынша секторлық бөлу осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.
- Нарық бағалары күрт өзгеруінен, сондай-ақ балама құралдар портфелін толықтырудан немесе одан активтерді алудан туындаған балама құралдар портфелі активтерінің құны өзгеруі нәтижесінде осы Қағи-





даларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген шектеулерден асып кеткен жағдайда, Корпорация балама құралдар портфелін тиісті шектеулерден асқан кезден бастап 1 (бір) жыл ішінде белгіленген шектеулерге сәйкес келтіреді.

- Балама құралдар портфелінің көлемі Қордың активтерін балама құралдар портфеліне ауыстыру кезінде жинақ портфелі активтерінің көлемінен 5 (бес) пайыз аспайды.
 - 56-5. Балама құралдар портфелінің активтері мынадай балама құралдарға:
 - 1) жеке капиталға;
 - 2) хедж-қорларға;
 - 3) жылжымайтын мүлікке;
 - 4) инфрақұрылымға;
 - 5) жеке борышқа инвестицияланады.»;
 - 56-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «56-7. Бірлескен инвестицияларды, қорлардың қорларына (fund of funds) инвестицияларды және қорларға тікелей инвестициялау жолымен жүзеге асыру үшін арнайы мақсаттағы компаниялардың (special purpose vehicle) акцияларын және (немесе) үлестерін сатып алу арқылы инвестициялауға рұқсат етіледі.»;
 - 74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «74. Ең төменгі кредиттік рейтингі BBB- төмен емес деңгейге (Standard&Poor's)/Baa3 (Moody's) немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келетін контрәріптестер сыртқы басқаруға берілген активтермен операцияларды жүзеге асырады.»;
 - осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;
 - 6-1-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
 - осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 10-қосымшамен толықтырылсын.
- 2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны¹⁵ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 4.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33851 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 105

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде

¹⁵ «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде ISO 20022 халықаралық стандартын қолдануға көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.
 - Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап 2024 жылғы 1 шілдеге дейін Тізбенің 2-тармағының елу төртінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:
 - «16. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде жөнелтуші төлем тапсырмасымен бір уақытта банкке көрсетілген жарналар және (немесе) аударымдар төленетін адамдардың тізімін ұсынады.
 - Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдар және (немесе) жарналар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін адамдардың тізімдері (бұдан әрі – тізім) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32897 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 270 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32957 болып тіркелген) бекітілген Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 520 қаулысымен бекітілген Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес ресімделеді.»

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 106

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21299 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларында:
 - 28-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Заңды тұлғадан және (немесе) мемлекеттік мекемеден шетел валютасының банкноттары бар бумалар және монеталары бар қапшықтар қалыптастырылған күнінен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде қабылданады. Парақтап қайта санау уақытында анықталған айналысқа жарамсыз, бүлінген, күмәнді, айналыстан алынатын (алынған), зауыт ақауы бар шетел валютасының банкноттары және (немесе) монеталары қабылдануға жатпайды және заңды тұлғаға және (немесе) мемлекеттік мекемеге қайтарылады.»;
 - 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «51. Заңды тұлға, мемлекеттік мекеме алған банкноттар мен монеталарды оның уәкілетті өкілі кассадан кетпей тұрып, банкноттар мен монеталарды берген шығыс кассасының касса қызметкерінің қатысуымен қайта санайды және:
 - 1) банкноттарды – будалар және бумалар бойынша, жекелеген парақтарды – парақтап қайта санап;
 - 2) монеталарды – қапшықтарға бекітілген жапсырмалардағы жазбалар бойынша, пакеттердегі монеталарды – олардағы жазбалар бойынша, ал жекелеген монеталарды – бір-бірлеп қайта санап тексереді.
 - Шығыс кассасының касса қызметкері уәкілетті өкілдің қатысуымен банкноттар салынған толық будалардағы және монеталар салынған қапшықтардағы пломбалар мен клишелерді (бар болса) кеседі.
 - Банкноттар салынған будаларды және монеталар салынған қапшықтарды пломбалар мен клишелерді (бар болса) алмастан беру Қағидалардың 52 және 53-тармақтарында көзделген жағдайларда және осындай талап заңды тұлғамен, мемлекеттік мекемемен жасалған кассалық қызмет көрсету шартында болған кезде ұлттық валюта – теңгеде жүзеге асырылады.»;
 - 52-тармақта:
 - 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1) шығыс кассасының касса қызметкері банкноттар салынған толық будалар мен монеталар салынған қапшықтардың пломбалары мен клишелерін (бар болса) кеспейді.»;
 - б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «б) уәкілетті өкіл қалған, қайта есептемеген банкноттар салынған толық будалардан және монеталар салынған қапшықтардан касса қызметкері-бақылаушы пломбалар мен клишелерді (бар болса) кеседі, олар бойынша кейіннен заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден шағымдар қабылданбайды.»;
 - 55-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Қол қойылған нұсқау Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына қолма-қол ақшаны беру күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 11.00-ге дейін беріледі.»;
 - 66-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Бұл ретте шығыс кассасының касса қызметкері уәкілетті өкілдің қатысуымен Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауындағы шетел валютасының банкноттары салынған толық будалардан клишелерді (бар болса) және шетел валютасының монеталары салынған қапшықтардағы пломбаларды кеседі.»;
 - 67-тармақта:
 - 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
 - «1) шығыс кассасының касса қызметкері шетел валютасының банкноттары салынған толық будалар мен шетел валютасының монеталары салынған қапшықтардың пломбалары мен клишелерін (бар болса) кеспейді;
 - б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:



- «6) уәкілетті өкіл қалған, қайта есептемеген шетел валютасының банкноттары салынған толық будалардан және шетел валютасының монеталары салынған қапшықтардан касса қызметкері-бақылаушы пломбалар мен клишелерді (бар болса) кеседі, олар бойынша кейіннен заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден шағымдар қабылданбайды.»;
- 73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «73. Касса қызметкері уәкілетті өкілге банкноттар салынған 20 (жиырма) будадан және монеталар салынған 10 (он) қапшықтан асатын мөлшерде банкноттар мен монеталарды вакуумдық қаптамалардан кепілдік клишелерді (бар болса) және банкноттар салынған бумалардан және монеталар салынған қапшықтардан кепілдік пломбаларды алмай береді.»;
- 75-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) банкноттар салынған ораудың сақталуын (шпагаттың, вакуумдық ораудың тұтастығын, вакуумдық ораудағы кепілдік тігістегі пломбиратордың немесе клишенің (бар болса) анық бедерінің болуын) қамтамасыз етеді.»;
- 77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «77. Ақша ұсақтау (айырбастау) кассасы:
- монеталарды банкноттарға айырбастайды;
- банкноттарды монеталарға айырбастайды;
- тозған банкноттарды, ақаулы (бүлінген) монеталарды, айналыстан алынған және алынатын банкноттарды немесе монеталарды жарамды банкноттар мен монеталарға айырбастайды;
- дизайны (нысаны) өзгерген банкноттарды айналыста жүрген сол номиналдағы банкноттарға айырбастайды;
- айналыста жүрген банкноттарды дизайны (нысаны) өзгерген сол номиналдағы банкноттарға айырбастайды;
- ірі номиналдағы жарамды банкноттар мен монеталарды ұсақ номиналдарға ұсақтайды;
- ұсақ номиналдағы жарамды банкноттар мен монеталарды ірі номиналдарға айырбастайды.»;
- 84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «84. Банкноттар будаға 10 (он) бумадан (бір номиналдағы банкноттардың 1000 (мың) парағы) қалыптастырылады, олар қатты қағаздан жасалған жоғарғы және төменгі жапсырма қағаздармен жабдықталады және шпагатпен түйінсіз және үзіксіз, төрт бітеу түйінмен қосарлап айқастырып байланады, шпагаттың ұшына касса қызметкері пломба салады.
- Банкноттарды полиэтилен пакеттерге ораған кезде пакеттің аузы қыздырып бекітіледі, ал қыздырып бекітуге арналған клишеде Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының атауы және касса қызметкерінің реттік нөмірі көрсетіледі
- Есептеу-сұрыптау машинасында банкноттар салынған будаларды қалыптастыру және орау кезінде клише пайдаланылмайды, банкноттар салынған будалар үстіңгі және астыңғы жапсырмалармен жабдықталмайды.»;
- 99-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің, Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауынан кем шығу, артық шығу, күмәнді, төлем жасалмайтын, қолдан жасалу және (немесе) ақау белгілері бар банкноттар немесе монеталар байқалған жағдайда Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы актінің электрондық үлгісін (сканирленген үлгісін) жауапты бөлімшеге жібереді.»;
- 5-тараудың 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- «2-параграф. Шетел валютасын қайта есептеу кезінде анықталған кем шығулармен, артық шығулармен, күмәнді, төлем жасалмайтын, айналысқа жарамсыз, бүлінген шетел валютасымен жұмыс істеу тәртібі»;
- 104-тармақ мынадай редакцияда жазылсын
- «104. Айналысқа жарамсыз шетел валютасы қабылданбайды.»;
- 107-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің, Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауынан кем шығу, артық шығу, күмәнді, төлем жасалмайтын, қолдан жасалу және (немесе) ақау белгілері бар банкноттар немесе монеталар байқалған жағдайда Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы актінің электрондық үлгісін (сканирленген үлгісін) жауапты бөлімшеге жібереді.»;
- 112 және 113-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- «112. Ұлттық Банктің филиалы күмәнді монеталардың төлем қабілетін анықтай алмаған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы күмәнді монеталарды Ұлттық Банк Орталығының инкассация қызметінің қызметкерлері арқылы арнайы илеспе көлікпен (вагонмен) Ұлттық Банктің Орталығына жібереді.
- 113. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы күмәнді банкноттар мен монеталарға сараптама жүргізу нәтижелері бойынша күмәнді банкноттар мен монеталарға қорытынды дайындайды.»;
- 114-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:





- «114. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы күмәнді банкноттар мен монеталарға дайын-даған қорытынды негізінде Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монета-ларды сараптау актісін екі данада жасайды:
 - 1) бір данасын Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы сол күнгі касса құжаттарында тігеді;
 - 2) екінші данасы соның (солардың) негізінде жасалған қорытындымен (қорытындылармен) бірге Ұлттық Банктің филиалындағы, Ұлттық Банктің Орталығындағы бөлек істе сақталады.»;
 - 120-тармақ алып тасталсын;
 - 120-7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
 - «Арнайы бояумен боялған банкноттарға сараптама жүргізу нәтижелері бойынша рәсімдер Қағидалар-дың 113, 114, 115, 116, 117, 118 және 119-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.»;
 - 121-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «121. Ұлттық Банктің Орталығы Астана қаласының уақыты бойынша сағат 13.00-ге дейін банкноттарды, монеталарды, шетел валютасын қабылдайды және береді.».
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Ре-спубликасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны¹⁶ Қазақстан Ре-спубликасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интер-нет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының же-текшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа ен-гізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2024 жылғы 3 қаңтарда № 33878 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСҚАРМА ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 25 желтоқсан № 109

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебі-нен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қа-улысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұста-латын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлем-

¹⁶ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



дерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19205 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларында:
 - 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес іссапар жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс басқа жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ қызметкерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тануға жіберу болып табылады.»;
 - 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
 - «5. Тәулікақы іссапарда болған күнтізбелік күндер, оның ішінде жолда болған уақыт үшін мынадай мөлшерде төленеді:
 - 1) қызметкерлерге (Ұлттық Банктің инкассация бөлімінің инкассаторлар бригадасының құрамына кіретін, жұмыс берушінің жедел және (немесе) конфиденциалды сипаттағы өкімдерін орындау үшін іссапарға жіберілген қызметкерлерін қоспағанда) – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);
 - 2) Ұлттық Банктің инкассация бөлімінің инкассаторлар бригадасының құрамына кіретін, жұмыс берушінің жедел және (немесе) конфиденциалды сипаттағы өкімдерін орындау үшін іссапарға жіберілген қызметкерлеріне – 7 (жеті) АЕК.
 - 6. Тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары мынадай мөлшерде төленеді:
 - 1) мемлекеттік мекеменің бірінші басшысына және оның орынбасарларына:
 - Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент қалаларында – тәулігіне 20 (жиырма) АЕК;
 - Қазақстан Республикасының облыс орталықтарында (Атырау, Ақтау қалаларын қоспағанда) және басқа қалаларында, оның ішінде Қазақстан Республикасы облыстарының аудан орталықтарында – тәулігіне 15 (он бес) АЕК;
 - 2) өзге қызметкерлерге:
 - Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент қалаларында – тәулігіне 15 (он бес) АЕК;
 - Қазақстан Республикасының облыс орталықтарында (Атырау, Ақтау қалаларын қоспағанда) және басқа қалаларында, оның ішінде Қазақстан Республикасы облыстарының аудан орталықтарында – тәулігіне 12 (он екі) АЕК.»;
 - 12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
 - «12. Әуе көлігімен межелі жерге бару және кері қайту шығыстары мынадай мөлшерде:
 - 1) мемлекеттік мекеменің бірінші басшысына – «Бизнес» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша, ал ұшу ұзақтығы бес сағаттан асатын кезде (тікелей ұшу) бірінші сыныпты әуе билетінің құны бойынша;
 - 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарларына, сондай-ақ жұмыс берушінің шұғыл және (немесе) конфиденциалды сипаттағы өкімдерін орындау үшін іссапарға жіберілген Ұлттық Банктің қолма-қол ақша айналысы бөлімшесінің бас дизайнеріне – «Бизнес» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша;
 - 3) Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына – «Эконом» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша, ал ұшу ұзақтығы төрт сағаттан асатын кезде (тікелей ұшу) «Бизнес» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша;
 - 4) инкассаторлар бригадасының құрамына кіретін, жұмыс берушінің шұғыл және (немесе) конфиденциалды сипаттағы өкімдерін орындау үшін іссапарға жіберілген Ұлттық Банктің инкассация бөлімінің қызметкерлеріне – «Эконом» сыныбындағы, ал ол болмаған кезде жүк тасу шығыстарының құнын қоса алғанда, «Бизнес» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша;
 - 5) өзге қызметкерлерге – «Эконом» сыныбындағы әуе билетінің құны бойынша, ал ұшу ұзақтығы бес сағаттан асатын кезде (тікелей ұшу) «Эконом» сыныбының жақсартылған шағын сыныптары бойынша төленеді.».
- 2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Адам капиталын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны¹⁷ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

¹⁷ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлерін және тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы





- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
- 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Басқарма Қаулысының қосымшасы ҚҰБ [интернет-ресурсында](#) орналасқан.

